Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтім көрсету	10
<b>Қысқа толқынды пеш функциялары</b>	<b>11</b>
Қысқа толқынды пеш	11
Басқару панелі	11
<b>Қысқа толқынды пешті пайдалану</b>	<b>12</b>
Қысқа толқынды пештің жұмыс істеу тәсілі	12
Қысқа толқынды пештің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеру	12
Пісіру/жылыту	13
Қуат деңгейлері және уақыт өзгерістері	13
Пісіру уақытын реттеу	14
Пісіруді тоқтату	14
Қуатты үнемдеу режимін орнату	14
Конвекция	15
Воздушный фритюр (Ауада қуыру)	16
3D Разморозка (Қүшейтілген еріту) функцияларын пайдалану	17
Блюда на пару (Пайдалы бу) функцияларын пайдалану	18

Домашние рецепты (Автоматты түрде пісіру) функцияларын пайдалану	20
Грильде пісіру	40
Керек-жарақтарды таңдау	40
Қысқа толқындармен жылыту және гриль режимін біріктіру	41
Қысқа толқындарды және конвекцияны біріктіру	42
Орнату	43
Блокировка управления (Балалардан бұғаттау) мүмкіндіктерін пайдалану	43
Поворотный стол (Айналмалы табақ) қосу/өшіру функцияларын пайдалану	44
Устранение запахов (Дезодорацияны) қолдану	44
Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты пайдалану	45
Таза буға пісіру бойынша нұсқаулық	47
SmartThings	49
<b>Ыдыстарды пайдалану нұсқаулығы</b>	<b>51</b>
<b>Пісіру нұсқаулығы</b>	<b>52</b>
Қысқа толқындар	52
Пісіру	52
Жылыту	55
Сұйықтықтарды жылыту	56
Балаларға арналған тағамды жылыту	56
Еріту	58
Гриль	60
Қысқа толқын + гриль	60
Конвекция	62
Қысқа толқын + конвекция	62
Кеңестер және ұсыныстар	64
<b>Ақауларды жою және ақпараттық код</b>	<b>64</b>
Ақаулық себептерін анықтау	64
Ақпараттық кодтар	67
<b>Техникалық сипаттамалар</b>	<b>68</b>
<b>Қосымша</b>	<b>69</b>
Ашық бастапқы коды бар хабарландыру	69

## Қауіпсіздік нұсқаулары

### ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫП, КЕЛЕШЕКТЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢИЗ.

**ЕСКЕРТУ:** Егер есік немесе есік тығыздағыштарына нұқсан келсе микротолқынды пешті, уәкілетті техник маман жөндегенше іске қосуға болмайды.

**ЕСКЕРТУ:** Микротолқын қуатынан қорғайтын қақпақты алуды қажет ететін жөндеу немесе техникалық күтім көрсету жұмыстарын, білікті маманнан басқа адамдар жүзеге асырса, бұл олар үшін қатерлі.

**ЕСКЕРТУ:** Сұйық тағамдар мен басқа да тағамды тұмшаланып жабылған сауыттарда қыздыруға болмайды, себебі олар жарылуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Балаларға пешті дұрыс қолданбағанда қатерлі жағдайлардың орын алатындығын түсіндіріп, оларға тиісті нұсқаулар бергеннен кейін ғана пешті ешкімнің қадағалауынсыз пайдалануға рұқсат беріңіз.

Бұл құрылғыны үйде ғана пайдалану керек және төмендегі жерлерде пайдалануға болмайды:

- дүкендердің ас бөлмелерінде, кеңселерде және басқа жұмыс орындарында;
- ферма үйлерінде;
- қонақ үйлердің, мотельдердің және басқа тұрғынды жерлердің қонақтары;
- таңғы ас және төсекпен қамтамасыз ететін қонақжайлар.

Микротолқынды пештерде қолдануға жарамды ыдыс-аяқтарды ғана қолданыңыз.

Тағамды пластик немесе қағаз сауыттарға салып қыздырған кезде, пештен көз алмаңыз, себебі бұлар жанып кетуі мүмкін.

Бұл микротолқынды пеш тағам және сусын ысытуға арналған. Тағам немесе киім кептіру және жылытқыш төсеніштерді, аяқ киімдерді, жөкелерді, дымқыл киімдерді немесе сол сияқты заттарды кептіргенде, жарақат алу немесе өрт шығу қаупі бар.

Егер түтін байқалса (шықса), құрылғыны сөндіріңіз немесе тоқтан ағытыңыз және жалынды басу үшін есікті ашпаңыз. Сусындарды микротолқынды пеште қыздырған кезде кенет тасып төгілуі мүмкін, сондықтан сауытты ұстаған кезде абайлау керек.

Баланы тамақтандыратын шөлмектің және балалар тағамы салынған қалбырлардың ішіндегісін берер алдында араластыру немесе шайқау керек және күйіп қалмас үшін температурасын тексеру керек.

Микротолқынды пеште қабығы аршылмаған және бітеулей пісірілген жұмыртқаларды қыздыруға болмайды, себебі микротолқынмен қыздырып болғаннан кейін де жарылып кетуі мүмкін.

Пешті мезгіл-мезгіл тазалап, тағамның қалдықтарын алып отыру керек.

## Қауіпсіздік нұсқаулары

Пешті таза ұстамасаңыз, оның бетінің сапасы кетіп, уақытынан бұрын істен шығып, қатерлі жағдайлар орын алуы мүмкін.

Микротолқынды пешті тек ас үй қаптамасының үстіне (жеке қойып) қойып пайдалану керек, микротолқынды пешті жиһаздың ішіне қоюға болмайды.

Микротолқынмен пісірген кезде тағам және сусындарға арналған темір сауыттарды пайдалануға болмайды.

Пештен ыдыстарды алып жатқанда бұрылмалы табақты орнынан тайдырып алмау үшін абау болуы керек.

Құрылғыны бумен тазалағыш құралмен тазалауға болмайды.

Құрылғыны су құйып жууға болмайды.

Бұл құрылғы көлік құралдарына, ұзақ жолсапар көліктеріне немесе сол сияқты көліктерге орнатуға арналмаған.

Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.

Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.

Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқандар ғана қолдануға тиіс және кембағал, сезім жүйесі дамымаған немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса ғана немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және құрылғыны жөндеуге тыйым салынған.

Қорек сымына зақым келсе, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші, өндірушінің уәкілетті агенті немесе білікті адам ауыстыруға тиіс.

Пештің камерасына және басқару панеліне қол оңай жету үшін, оны дұрыс бағытта және биіктікте орнату керек.

Пешті ең алғаш рет іске қосар алдында, пештің ішіне су қойып 10 минут қосу керек, содан кейін қолдана беруге болады.

Егер пештен тосын шуыл, көңірсіген немесе түтін иісі шықса, ашаны дереу розеткадан суырыңыз да, жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Микротолқынды пештің ашасына қол жететіндей етіп орнату керек.



**ЕСКЕРТУ:** Құрылғыны аралас режимде пайдаланған кезде, қызу пайда болатындықтан балалар пешті тек ересектердің қадағалауымен ғана пайдалануға тиіс. Құрылғы іске қосылып тұрғанда қызып кетеді. Пештің ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол тиіп кетпес үшін абай болу керек.

**ЕСКЕРТУ:** Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда қол жететін бөлшектері қызып тұруы мүмкін. Жас балаларды алыс ұстау керек.

Түрпілі тазалағыш заттарды не өткір металл қырғыштарды пеш есігінің шынысын тазалау үшін пайдаланбаңыз, себебі бұндай заттар шыны бетіне сызат түсіріп, оның шытынап кетуіне алып келеді.

Бумен тазалағышты пайдалануға болмайды.

**ЕСКЕРТУ:** Электр қатеріне түсіп қалмас үшін, құрылғы шамын ауыстырар алдында оның электр желісінен ағытулы екеніне көз жеткізіңіз.

Құрылғы қатты қызып кетпеу үшін декоративті есіктің артына орнатуға болмайды.

**ЕСКЕРТУ:** Құрылғы мен оның қол жететін бөліктері, құрылғыны іске қосқан кезде қызып тұрады.

Қыздырғыш элементтерге қол тиіп кетпес үшін абай болу керек.

8 жасқа толмаған балаларды, үнемі байқап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.

**АБАЙЛАҢЫЗ:** Пісіру үдерісін байқап отыру керек. Қысқа мерзімді пісіру үдерісін үздіксіз байқап отыру керек. Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігі немесе сыртқы беті ыстық болуы мүмкін.

Құрылғының қол жететін беттерінің температурасы құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жоғары болуы мүмкін. Пісіру беттері пісіру барысында қызып кетуі мүмкін. Құрылғылар сыртқы таймер немесе жеке қашықтан басқару құралының көмегімен басқарылмайды.

Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқандар ғана қолдануға тиіс және кембағал, сезім жүйесі дамымаған немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса ғана немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Тазалау және күтім көрсету жұмыстарын 8 жастан асқан балалар, басқаның қадағалауымен орындай алады.

Құрылғыны және қорек сымын 8 жасқа толмаған балалардан алыс ұстаңыз.

# Қауіпсіздік нұсқаулары

## Қауіпсіздікті сақтауға қатысты жалпылама ескертулер

Кез келген өзгеріс енгізу немесе жөндеу жұмыстарын білікті маман ғана орындауға тиіс.

Тұмшаланған сауыттардағы тағамды немесе сұйықты микротолқын функциясымен қыздырмаңыз.

Пешті бензол, сұйылтқыш, алкоголь, бумен немесе жоғары қысыммен тазалағыш заттармен тазаламаңыз.

Пешті: қыздырғыштың, тұтанғыш заттың қасына орнатпаңыз; ылғалды, майлы немесе шаңды жерге қойып немесе күн сәулесі тура түсетін және су ағатын немесе газ шығуы мүмкін жерге, тегіс емес жерге орнатпаңыз.

Бұл пешті жергілікті және мемлекеттік стандарттарға сай жерге дұрыс тұйықтау керек.

Пештің ашасы қосылатын ағытпалар мен контакт түйіспелеріндегі қоқыстарды тазалау үшін құрғақ шүберекті жиі пайдаланыңыз.

Қуат сымын қатты тартпаңыз, майыстырмаңыз немесе оның үстіне ауыр зат қоймаңыз. Газ жылыстап шықса (мысалы, пропан, сұйылтылған газ т.б.) бөлмені дереу желдетіңіз. Қуат сымына қол тигізбеңіз.

Қуат сымын дымқыл қолмен ұстамаңыз.

Пеш жұмыс істеп тұрғанда, қуат сымын желіден ағытуға болмайды.

Саусақтарыңызды немесе бөгде затты сұқпаңыз. Егер пешке бөгде зат кіріп кетсе, ашаны розеткадан суырыңыз да, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пешке шамадан тыс күш салмаңыз немесе баспаңыз.

Пешті осал заттардың үстіне қоймаңыз.

Кернеу, жиілік және тоқ параметрлерінің, техникалық параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз.

Ашаны қабырғадағы розеткаға мықтап сұғыңыз. Көп ашалы адаптерді, ұзартқыш сымдарды немесе электр трансформаторын қолданбаңыз.

Қуат сымын металл заттарға іліп қоймаңыз. Қуат сымының заттардың арасында немесе пештің артында болуын қамтамасыз етіңіз.

Бүлінген қуат ашасын, қуат сымын немесе босап қалған розетканы қолданбаңыз. Зақым келген қуат ашалары немесе сымдары үшін жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пешке су құюға немесе суды тура бүркуге болмайды.

Затты пештің үстіне, ішіне немесе пеш есігінің үстіне қоймаңыз.

Құрт-құмырысқаларды құртуға арналған бүріккіш тәрізді тұтанғыш затты пешке шашпаңыз.

Пештің ішіне тұтанғыш зат салып сақтауға болмайды. Құрамында алкоголь бар тағамды немесе сусындарды қыздырған кезде өте сақ болыңыз, себебі алкоголь буы пештің ыстық бөліктеріне тиіп кетуі мүмкін.

Балалар есікке соғылып қалуы немесе саусақтарын қыстырып алуы мүмкін. Есікті ашып/жапқанда, балаларды алыс ұстаңыз.

## Микротолқынға қатысты ескерту

Сусындарды микротолқынмен қыздырғанда кенет тасып төгілуі мүмкін, сондықтан сауытты әрқашан абайлап ұстау керек. Сусындарды әрқашан 20 секунд қоя тұрғаннан кейін алыңыз. Қажет болса, қыздыру барысында араластырыңыз. Қыздырып болғаннан кейін әрқашан араластырыңыз.

Бу шалып кетсе, төмендегі алғашқы жәрдем нұсқауларын орындаңыз:

- Бу шалып кеткен жерді кем дегенде 10 минут суық суға малыңыз.
- Таза, құрғақ дәкемен жабыңыз.
- Ешбір крем, май немесе лосьон жақпаңыз.

Науаға немесе торға зақым келтірмеу үшін тағам пісіріп болғаннан кейін суға дереу салмаңыз.

Тағамды майға батырып қуыру үшін пешті пайдаланбаңыз, себебі, май температурасын бақылау мүмкін емес. Нәтижесінде ыстық май тасып төгілуі мүмкін.

## Микротолқынды пешке қатысты сақтық шаралары

Микротолқынға төзімді ыдыстарды ғана пайдаланыңыз. Темір сауыттардың ешқайсысын, жиектері алтын немесе күміспен жалатылған ас ыдыстарын, істікті т.б. ешқашан қолданбаңыз.

Темір бауларын алыңыз. Электр тоғы ұшқындауы мүмкін.

Пешті қағаз немесе киім кептіру үшін қолданбаңыз.

Аз тағам қатты ысып және күйіп кетпес үшін қысқа уақытты қолданыңыз.

Қуат сымы немесе ашасын су немесе қызу көздерінен алыс ұстаңыз.

Жарылыс қаупін болдырмау үшін қабығы бар жұмыртқаларды немесе бітеу пісірілген жұмыртқаларды қыздырмаңыз. Тұмшаланып жабылған немесе вакуум сауыттарды, жаңғақтарды, қызанақтарды т.б. қыздырмаңыз.

Желдеткіш саңылауларды киіммен немесе қағазбен бітемеңіз. Өрт шығу қаупі бар.

Пеш қатты қызып кетіп, автоматты түрде сөніп, әбден суығанша сөнген қалпы тұруы мүмкін.

Тағамды пештен алғанда әрқашан пешке арналған қолғапты қолданыңыз.

Сұйық заттарды қыздырудың орта тұсына келгенде немесе қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз және қыздырып болғаннан кейін кенет тасып кетпес үшін 20 секунд қоя тұрыңыз.

Пештің есігін ашқан кезде, ыстық ауа немесе буға күйіп қалмас үшін қолдың ұзындығындай жерде алыс тұрыңыз.



Бос тұрған пешті іске қоспаңыз. Қауіпсіздік мақсатында пеш автоматты түрде 30 минутқа сөнеді. Пеш кенет іске қосылып кетсе микротолқын қуатын сіңіру үшін пештің ішіне әрқашан бір стакан су қойып қоюды ұсынамыз. Пешті осы нұсқаулықта берілген қашықтықтарды сақтап орнатыңыз. (Микротолқынды пешті орнату тарауын қараңыз). Пештің қасында орналасқан розеткаларға басқа электр құрылғыларын қосқан кезде абай болыңыз.

### Микротолқынды пешті іске қосуға қатысты сақтық шаралары

Төмендегі сақтық шаралары орындалмаса, микротолқын қуатының қатеріне ұшырауыңыз мүмкін.

- Есігі ашық тұрған пешті іске қоспаңыз. Қауіпсіздік бекітпелеріне тимеңіз (есіктің бекітпелері). Қауіпсіздік бекітпесінің саңылауларына ешқашан ешнәрсе сұқпаңыз.
- Пештің есігі мен алдыңғы жағының арасына ештеңе қоймаңыз немесе тығыздағыштарға тағам немесе тазалағыш заттың қалдықтары жиналуына жол бермеңіз. Есік пен есік тығыздағышының беттерін, пешті қолданып болған сайын дымқыл, содан кейін жұмсақ, құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Зақым келген пешті іске қоспаңыз. Білікті техник жөндегеннен кейін ғана іске қосыңыз.
  - **Маңызды:** пештің есігін дұрыс жабу керек. Есік майыспаған болуы керек; есіктің топсалары сынған немесе босап тұрмаған болуы керек; есіктің тығыздағыштарына және тығыздағыш беттеріне нұқсан келмеген болуы керек.
- Барлық түзету және жөндеу жұмыстарын білікті техник іске асыруы керек.

### Шектеулі кепілдік

Керек-жарақтарды ауыстыру немесе косметикалық зақымдарды жөндеу жұмыстарын, егер осы зақымдарды пайдаланушы келтірсе Samsung ақылы түрде іске асырады. Бұған келесі жағдайлар жатады:

- Соғылған, сызылған немесе сынған есік, тұтқа, сыртқы панель немесе басқару панелі.
- Сынған немесе жоғалып кеткен науа, сырғыма жол, жалғастырғыш немесе темір тор.

Бұл пешті тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз. Бұл пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген "Ескертулер" мен "Қауіпсіздік нұсқауларында", орын алуы ықтимал жағдайлар мен оқиғалардың барлығы бірдей қамтылмаған. Пешті абайлап, сақтықпен орнатуға, күтім көрсетуге және іске қосуға өзіңіз міндеттісіз.

Себебі бұл іске пайдалану нұсқауларында әр түрлі үлгілер қамтылғандықтан, микротолқынды пешіңіздің техникалық сипаттамасы, осы нұсқаулықта көрсетілген пештерден сәл өзгеше болуы және ескерту белгілерінің барлығы бірдей сізге қатысты болмауы мүмкін. Толғандырып жүрген мәселеңіз немесе сұрағыңыз болса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе [www.samsung.com](http://www.samsung.com) арқылы онлайн ақпарат және көмек алыңыз.

Бұл пешті тағам қыздыру үшін ғана пайдаланыңыз. Бұл пеш үйде қолдануға ғана арналған. Матаны немесе дән толтырылған жастықшаларды қыздырмаңыз. Пешті дұрыс немесе тиісті түрде қолданбау нәтижесінде орын алған зақым үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді. Пеш бетінің бүлінуіне және қауіпті жағдайларға жол бермеу үшін пешті әрқашан таза және жақсы күтіп ұстаңыз.

### Құрылғы тобының сипаттамасы

Бұл 2-ші топтағы, В санатына жататын ISM құрылғысы. 2-ші топқа радио-жиіліктері қуатты электромагнитті сәуле ретінде, материалдарды өңдеу үшін арнайы шығаратын ISM құрылғыларының барлығы, сондай-ақ EDM және доғамен дәнекерлейтін құрылғылар жатады.

В санатына тұрмыста қолдануға арналған немесе төмен кернеулі желіге тіке жалғанған тұрғын үй кешендерінде қолданылатын құрылғылар жатады.

## Қауіпсіздік нұсқаулары

### Аталған өнімді дұрыс пайдалану (Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық)



(Жеке қоқыс жинайтын жүйесі бар елдерге қатысты)

Өнімдегі, аксессуардағы немесе нұсқаулықтағы бұл таңбалау өнімді және оның электрондық аксессуарларын (мысалы, қуат беру құрылғысын, құлаққаптың, USB кабелін), олардың қызмет ету мерзімі өткен соң, үйде басқа мақсатта пайдалануға болмайтындығын білдіреді. Қалдықтардың бақыланбайтын пайдаланылуынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірудің алдын алу үшін бұл заттарды басқа қалдық түрлерінен бөлек алып қойыңыз және оларды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалану үшін қолданыңыз.


Үйде пайдаланушылар экологиялық қауіпсіз түрде қайта өңдеу үшін осы өнімді қай жерден және қалай алуға болатынын анықтау мақсатында, осы өнімді сатып алған жердегі ретейлермен немесе оның жергілікті кеңсесімен хабарласуы тиіс.

Іскерлік пайдаланушылар сату-сатып алу шартының талаптары мен ережелерін тексеру үшін өзінің жабдықтаушысымен хабарласуы тиіс. Осы өнім және оның электрондық аксессуарлары жойылатын басқа пайдаланған қаптамалармен араласып кетпеуі тиіс.

## Орнату


### Керек-жарақтар

Сатып алған үлгіңізге байланысты, жинақта әртүрлі жолмен пайдалануға болатын бірнеше керек-жарақ берілген.




**01 Роликті сақина**, қысқа толқынды пештің ортасына орнатылады.

**Мақсаты:** Роликті сақина айналмалы табақты тіреп тұрады.




**02 Айналмалы табақ**, роликті сақинаның бетіне қойылып, ортасы муфтаға орнатылады.

**Мақсаты:** Айналмалы табақ негізгі пісіру беті ретінде пайдаланылады; ол тазалау үшін оңай алынады.




**03 Жоғарғы тор, Төменгі тор**, айналмалы табаққа орналастырылады.

**Мақсаты:** Металл торларды екі тағамды бір уақытта пісіру үшін пайдалануға болады. Шағын ыдысты айналмалы табаққа, ал екінші ыдысты торға орналастыруға болады. **Металл торларды гриль, конвекция және аралас ас әзірлеу түрлерінде пайдалануға болады.**



**04 Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақ, 44 - 46-беттерді қараңыз.**

**Мақсаты:** Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақ қысқатолқын немесе гриль пісіру режимдерінде тағамды қызартып пісіру үшін қолданылады. Ол кондитерлік өнімдер мен пицца қамырын қытырлақ күйінде сақтауға көмектеседі.



**05 Таза буқазан, 47 - 48-беттерді қараңыз.**


**Мақсаты:** Таза бу функциясы пайдаланылатын пластик буқазан.

- Буқазанды Күшейтілген бу жүйесімен бірге қолданыңыз.
- Осы буқазан тек Қысқатолқын режимінде пісірумен бірге қолжетімді. Басқа әзірлеу режимдерімен қолданбаңыз.
- Мына тақырыпты **Таза бұға пісіру бойынша нұсқаулық** келесі беттен қараңыз: 47.

**ЕСКЕРТПЕ**

Қысқа толқынды пешті роликті сақина мен айналмалы табақсыз **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**.


**Орнату орны**



- A.** жоғарғы жағынан 20 см
- B.** артқы жағынан 10 см
- C.** жанынан 10 см
- D.** еденнен 85 см

- Еденнен шамамен 85 см жоғары жазық, тегіс бетті таңдаңыз. Бет қысқа толқынды пештің салмағын көтере алуы қажет.
- Бөлмені желдету үшін артқы қабырға мен екі жағынан кем дегенде 10 см және жоғарғы жақтан 20 см кеңістік қалдырыңыз.
- Қысқа толқынды пешті басқа да қысқа толқынды пештер немесе радиаторлардың жаны сияқты ыстық немесе дымқыл жерлерде орнатпаңыз.
- Осы қысқа толқынды пештің қуат көзі сипаттамаларына сәйкес әрекет етіңіз. Қажет болса, тек мақұлданған ұзартқыш кабельдерді пайдаланыңыз.
- Қысқа толқынды пешіңізді алғаш рет пайдаланар алдында, ішкі беті мен есік тығыздауышын дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

**Айналмалы табақ**



Қысқа толқынды пеш ішіндегі барлық қаптама материалын алып тастаңыз. Роликті сақина мен айналмалы табақты орнатыңыз. Айналмалы табақтың еркін айналып тұрғанын тексеріңіз.

# Техникалық қызмет көрсету

## Тазалау

Микротолқынды пештің ішіне немесе үстіне қоқыс жиналып қалмау үшін микротолқынды пешті мезгіл-мезгіл тазалаңыз. Сонымен қатар, есікке, есіктің тығыздағышына және бұрылмалы табаққа және айналмалы шығырыққа (қолданылатын үлгілерге ғана қатысты) аса назар аударыңыз. Егер есік оңай ашылып немесе жабылмаса, әуелі есіктің тығыздағыштарына қоқыс тұрып қалмағанын тексеріңіз. Микротолқынды пештің ішкі және сыртқы беттерін тазалау үшін жұмсақ шүберек пен сабынды суды пайдаланыңыз. Шайыңыз да, мұқият құрғатыңыз.

### **Микротолқынды пештің ішіндегі иістенген, қатып қалған қоқыстарды тазалау үшін**

1. Микротолқынды пеш бос тұрған кезде, бұрылмалы табақтың ортасына кесеге ерітілген лимон шырынын қойыңыз.
2. Микротолқынды пешті ең жоғары қуат деңгейіне қойып 10 минут қыздырыңыз.
3. Цикл аяқталғаннан кейін микротолқынды пеш салқындағанша күтіңіз. Содан кейін, есікті ашып, тағам пісіретін бөлікті тазалаңыз.

### **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Есік пен есіктің тығыздағыштарын таза ұстаңыз және есіктің оңай ашылып жабылатынына көз жеткізіңіз. Әйтпесе микротолқынды пештің қолданыс мерзімі қысқаруы мүмкін.
- Микротолқынды пештің саңылауларына су шашыратпау үшін абай болыңыз.
- Тазалау үшін жеміргіш немесе химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Микротолқынды пешті әр қолданып болған сайын микротолқынды пеш салқындағанша күтіп, жұмсақ жуғыш затты пайдаланып тағам пісіретін бөлікті тазалаңыз.

## Ауыстыру (жөндеу)

### **⚠ ЕСКЕРТУ**

Бұл микротолқынды пештің ішінде пайдаланушы ағытып алуға болатын ешбір бөлшек жоқ. Микротолқынды пешті өзіңіз жөндеуге немесе бөлшектерін ауыстыруға әрекеттенбеңіз.


- Топсаларға, тығыздағышқа, және/немесе есікке қатысты мәселе туындаса, білікті техникке немесе жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласып, техникалық көмек алыңыз.
- Егер жарықтама шамын ауыстырғыңыз келсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Өзіңіз ауыстырмаңыз.
- Егер микротолқынды пештің сыртқы корпусына қатысты мәселе туындаса, әуелі қуат сымын қуат көзінен ағытып, содан кейін жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

### **Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтім көрсету**

Егер микротолқынды пешті ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, қуат сымын ағытып, микротолқынды пешті құрғақ, шаңы жоқ жерге қойыңыз. Микротолқынды пештің ішіне жиналып қалатын ылғал және шаң микротолқынды пештің жұмысына әсер етуі мүмкін.

# Қысқа толқынды пеш функциялары

## Қысқа толқынды пеш



- |                                    |                        |                      |
|------------------------------------|------------------------|----------------------|
| 01 Қорғанысты бұғаттау саңылаулары | 02 Желдету саңылаулары | 03 Қыздырғыш элемент |
| 04 Жарық                           | 05 Айналмалы табақ     | 06 Роликті сақина    |
| 07 Муфта                           | 08 Есік ысырмалары     | 09 Есік тұтқасы      |
| 10 Басқару панелі                  |                        |                      |

## Басқару панелі



- 01 Жарықдиодты дисплей
- 02 Конвекция / Блюда на пару (3сек)
- 03 Воздушный фритюр / 3D Разморозка (3сек)  
(Ауада қуыру / Күшейтілген еріту (3сек))
- 04 Гриль / Комби (3сек)
- 05 СВЧ / Устранение запахов (3сек)  
(Қысқа толқын / Дезодорация (3сек))
- 06 Домашние рецепты / Поворотный стол (3сек)  
(Автоматты пісіру / Айналмалы табақ (3сек))
- 07 Көп функциялы таңдау құралы және басу тетігі
- 08 Стоп/Эко
- 09 Ақылды басқару
- 10 Старт/+30с / Блокировка управления (3сек)  
(Іске қосу/+30с / Балалардан бұғаттау (3сек))

# Қысқа толқынды пешті пайдалану


## Қысқа толқынды пештің жұмыс істеу тәсілі

Қысқа толқындар — жоғары жиілікті электромагниттік толқындар; шығарылған энергия тағамды пішіні не түсін өзгертпей пісіруге немесе жылытуға мүмкіндік береді.

Қысқа толқынды пешіңізді келесі мақсаттарда пайдалана аласыз:

- Еріту
- Жылыту
- Пісіру

Пісіру қағидасы.



1. Магнетроннан шыққан қысқа толқындар ішкі бөлікте шағылып, айналмалы табақтағы тағамның айналуы кезінде біркелкі таралады. Осылайша тағам біркелкі піседі.
2. Тағам қысқа толқындарды шамамен 1 дюйм (2,5 см) тереңдікке дейін сіңіреді. Жылу тағамға таралатындықтан, пісіру жалғаса береді.
3. Пісіру уақыты пайдаланылған контейнер мен тағам сипаттарына байланысты әртүрлі болады:
  - мөлшері және тығыздығы;
  - су мөлшері;
  - бастапқы температура (тоңазытылған немесе тоңазытылмаған).

### ⓘ ЕСКЕРТПЕ

Тағамның ортасы жылу таралу есебінен пісетіндіктен, тағамды қысқа толқынды пештен шығарғаннан кейін де пісіру жалғаса береді. Сол себепті келесі жағдайлар үшін рецептілер мен осы кітапшада көрсетілген ұстау уақытын сақтау керек:

- Тағамның ортасына дейін біркелкі пісіру.
- Тағамның барлық бөлігінде бірдей температура.

## Қысқа толқынды пештің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеру

Келесідей қарапайым процедура қысқа толқынды пешіңіздің үнемі дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеруге мүмкіндік береді. Күмән туындаған жағдайда, **Ақауларды жою және ақпараттық код** атты бөлімді 64-беттерден қараңыз.

### ⓘ ЕСКЕРТПЕ


Қысқа толқынды пешті сәйкес розеткаға қосу керек. Айналмалы табақ қысқа толқынды пештегі өз орнында тұруы қажет. Максималды деңгейден (100 % - 900 Вт) басқа қуат деңгейі пайдаланылса, су ұзағырақ қайнайды.

### ⓘ ЕСКЕРТПЕ

Қуат көзіне қосылып тұрғанда және қысқа толқынды пешті пайдаланбаған кезде, ағымдағы уақыт дисплейде көрсетіледі.

Есіктің жоғарғы жағындағы тұтқасын тарту арқылы, қысқа толқынды пештің есігін ашыңыз.

Бір стақан суды айналмалы табаққа қойыңыз. Есікті жабыңыз.



**Старт/+30c** (Іске қосу/+30c) түймесін басыңыз және **Старт/+30c** (Іске қосу/+30c) түймесін қажетті рет басу арқылы, уақытты 4 немесе 5 минутқа қойыңыз.

**Нәтиже:** Қысқа толқынды пеш суды 4 немесе 5 минут бойы ысытады. Содан кейін су қайнауы керек.

## Пісіру/жылыту


Келесі процедурада тағамды пісіру немесе жылыту әдісіне түсінік берілген.


### ЕСКЕРТПЕ

Қысқа толқынды пешті бақылаусыз қалдыру алдында, пісіру параметрлерін ӘРДАЙЫМ тексеріңіз.


Есікті ашыңыз. Тағамды айналмалы табақтың ортасына қойыңыз. Есікті жабыңыз. Қысқа толқынды пешті еш уақытта іші бос болған кезде қоспаңыз.



- 1. СВЧ (Қысқа толқын)** түймесін басыңыз.  
**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:  
 (Қысқа толқын режимі)



- 2. Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіру уақытын орнатыңыз.  
**Нәтиже:** Пісіру уақыты көрсетіледі. Сол кезде пісіру уақытын орнату үшін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.



- 3.** Қажетті қуат деңгейі көрсетілмейінше **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы қуат деңгейін орнатыңыз.
- 4. Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.  
**Нәтиже:** Қысқа толқынды пеш шамы қосылып, айналмалы табақ айнала бастайды. Пісіру басталады. Ол аяқталғанда.
  - 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
  - 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
  - 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

## Қуат деңгейлері және уақыт өзгерістері

Қуат деңгейі функциясы таралатын энергия көлемін, оның түрі мен мөлшеріне қарай тағамды пісіруге немесе жылытуға қажетті уақытты бейімдеуге мүмкіндік береді. Жеті түрлі қуат деңгейінің біреуін таңдауға болады.

Қуат деңгейі	Пайыз (%)	Шығыс (Вт)
ӨТЕ ЖОҒАРЫ	100	900
ЖОҒАРЫ	78	700
ОРТАША ЖОҒАРЫ	67	600
ОРТАША	50	450
ОРТАША ТӨМЕН	33	300
ЕРІТУ	20	180
ТӨМЕН	11	100

Рецептілерде және осы кітапшада берілген пісіру уақыттары көрсетілген меншікті қуат деңгейіне сәйкес келеді.


Келесіні таңдаған жағдайда...	Пісіру уақыты төмендегідей болуы қажет...
Неғұрлым жоғары қуат деңгейі	Азайтылған
Неғұрлым төмен қуат деңгейі	Арттырылған

# Қысқа толқынды пешті пайдалану

## Пісіру уақытын реттеу

Әр қосылатын 30 секундқа **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін бір рет басу арқылы пісіру уақытын арттыруға болады.

- Кез келген уақытта жай ғана есікті ашып, пісіру процесінің қалай жүріп жатқанын тексеріңіз
- Қалған пісіру уақытын арттырыңыз



### 1-әдіс.

Пісіру кезінде тағамның пісіру уақытын арттыру үшін қосқыңыз келетін әр 30 секунд сайын **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін бір рет басыңыз.

- Мысалы: Үш минут қосу үшін **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін алты рет басыңыз.

### 2-әдіс.

Пісіру уақытын орнату үшін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін жай ғана бұраңыз.

- Пісіру уақытын арттыру үшін оңға және оны азайту үшін солға бұраңыз.

## Пісіруді тоқтату


Келесі әрекеттерді орындай алу үшін пісіруді кез келген уақытта тоқтатуға болады:

- тағамды тексеру;
- тағамды аудару немесе араластыру;
- алып қоя тұру.

Пісіруді тоқтату үшін...	Келесіні орындаңыз...
Уақытша	Есікті ашыңыз немесе <b>Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)</b> түймесін бір рет басыңыз. <b>Нәтиже:</b> Пісіру тоқтайды. Пісіруді жалғастыру үшін есікті қайта жауып, <b>Старт/+30с (Іске қосу/+30с)</b> түймесін басыңыз.
Толығымен	<b>Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)</b> түймесін бір рет басыңыз. <b>Нәтиже:</b> Пісіру тоқтайды. Пісіру параметрлерінен бас тарту керек болса, <b>Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)</b> түймесін қайта басыңыз.

## Қуатты үнемдеу режимін орнату

Қысқа толқынды пеште қуатты үнемдеу режимі бар.



- **Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.  
**Нәтиже:** Дисплей өшірулі.
- Қуатты үнемдеу режимін алып тастау үшін есікті ашыңыз немесе **Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз, содан кейін дисплейде ағымдағы уақыт көрсетіледі.  
Қысқа толқынды пеш пайдалануға дайын.

## ЕСКЕРТПЕ

### Қуатты автоматты түрде үнемдеу функциясы

Құрылғы орнату ортасында болғанда немесе уақытша тоқтату күйінде жұмыс істегенде ешқандай функция таңдамасаңыз, функция тоқтатылады және сағат 25 минуттан кейін көрсетіледі.

Қысқа толқынды пештің шамы есік ашық күйде болғанда 5 минуттан кейін өшеді.




## Конвекция

Конвекция режимі тағамды дәстүрлі қысқа толқынды пештегідей пісіруге мүмкіндік береді. Қысқа толқынды пеш режимі пайдаланылмайды. Қажет болса, температураны 40 °C және 200 °C аралығындағы ауқымда орнатуға болады. Максималды пісіру уақыты — 60 минут.

- Қысқа толқынды пештегі ыдыстарды әрдайым пешке арналған қолғаппен ұстаңыз, себебі олар өте ыстық болады.
- Конвекцияны қолданған кезде қысқа толқынды пештің ішіндегі және сыртындағы температура айырмашылығы үлкен болса, есігінде ылғал пайда болуы мүмкін. Ол бірнеше минуттан кейін жоғалады.

Қыздырғыш элементтің көлденең күйде екенін тексеріңіз.



2



Конвекция  
Блюда на пару (3сек)


1. Ыдысты **Төменгі тор** немесе **Төменгі тор + Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақ** функциясына қойыңыз.

2. **Конвекция** түймесін басыңыз.  
**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:



(Конвекция режимі)

180° C (Температура)



3. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы температураны орнатыңыз. (Температура : 40 - 200 °C, аралығы 5 °C)

4. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.

5. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіру уақытын орнатыңыз. (Қысқа толқынды пешті алдын ала қыздыру қажет болса, мына параметрді таңдаңыз: « : 0»)

6. **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Пісіру басталады. Ол аяқталғанда.

- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
- 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
- 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.



# Қысқа толқынды пешті пайдалану

## Воздушный фритюр (Ауада қуыру)

Бұл функция қытырлақ және пайдалы қатырылған немесе майсыз, балғын тағам пісіру үшін ыстық ауаны пайдаланады.

Қысқа толқынды пеш режимі пайдаланылмайды. Қажет болса, температураны 100 °C және 200 °C аралығындағы ауқымда орнатуға болады. Максималды пісіру уақыты — 60 минут.

- Қысқа толқынды пештегі ыдыстарды әрдайым пешке арналған қолғаппен ұстаңыз, себебі олар өте ыстық болады.
- Воздушный фритюр (Ауада қуыру) функциясын қолданған кезде қысқа толқынды пештің ішіндегі және сыртындағы температура айырмашылығы үлкен болса, есігінде ылғал пайда болуы мүмкін. Ол бірнеше минуттан кейін жоғалады.



2




Воздушный фритюр  
3D Разморозка (3сек)

### 1. Ыдысты **Тор** немесе **Тор + Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақ** функциясына қойыңыз.

- Нәзік піскен тағам (қуырылған картоп, тауық сирақтары және т.б.) : Жоғарғы тор
- Қою піскен тағам (тұтас шошқа еті, тұтас тауық еті және т.б.) : Төменгі тор

### 2. Воздушный фритюр (Ауада қуыру) түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:  
(Воздушный фритюр  
(Ауада қуыру  
режимі))  
180° C (Температура)



3. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы температураны орнатыңыз. (Температура : 100 -200 °C, аралығы 5 °C)
4. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.
5. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіру уақытын орнатыңыз. (Қысқа толқынды пешті алдын ала қыздыру қажет болса, мына параметрді таңдаңыз: « : 0»)
6. **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Пісіру басталады. Ол аяқталғанда.

- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
- 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
- 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

## 3D Разморозка (Күшейтілген еріту) функцияларын пайдалану


**3D Разморозка (Күшейтілген еріту)** функциялары ет, құс еті, балық, нан/торт және жемістерді ерітуге мүмкіндік береді. Еріту уақыты мен қуат деңгейі автоматты түрде орнатылады. Сіз тек бағдарламаны және салмақты таңдайсыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Тек қысқа толқынды пештерге арналған контейнерлерді пайдаланыңыз.

Есікті ашыңыз. Қатырылған тағамды айналмалы табақтың ортасындағы керамикалық контейнерге салыңыз.

Есікті жабыңыз.



#### 1. 3D Разморозка (Күшейтілген еріту)

түймесін 3 секунд басыңыз.

2. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіріп жатқан тағам түрін таңдаңыз. Әртүрлі алдын ала бағдарламаланған параметрлердің сипаттамасын келесі беттегі кестеден қараңыз. Сол кезде тағам түрін таңдау үшін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.

3. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы порция мөлшерін таңдаңыз.

4. **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.

#### **Нәтиже:**

- Еріту басталады.
- Қысқа толқынды пеш еріту кезінде тағамды аудару қажет екенін еске салу үшін сигнал береді.

5. Ерітуді аяқтау үшін **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін қайта басыңыз.

#### **Нәтиже:** Ол аяқталғанда.

- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
- 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
- 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

## Күшейтілген еріту нұсқаулығы

Келесі кестеде әртүрлі **3D Разморозка (Күшейтілген еріту)** бағдарламалары, мөлшерлер және тиісті нұсқаулар көрсетілген. Еріту алдында барлық қаптама материалын алып тастаңыз.

Етті, құс етін және балықты жайпақ шыны тәрелкеге немесе керамикалық тәрелкеге салыңыз, ал нан, торт және жемісті қағаз сүлгіге орналастырыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
1 Ет	200 - 1500	Шеттерін алюминий фольгамен жабыңыз. Қысқа толқынды пеш дыбыстық сигнал бергенде етті аударыңыз. Бұл бағдарлама қой еті, шошқа еті, стейктер, котлеттер, тартылған ет үшін жарамды. 20 - 60 минутқа қоя тұрыңыз.
2 Құс еті	200 - 1500	Аяқ пен қанат ұштарын алюминий фольгамен жабыңыз. Қысқа толқынды пеш дыбыстық сигнал бергенде құс етін аударыңыз. Бұл бағдарлама тұтас тауық етіне де, тауық еті бөліктеріне де жарамды. 20 - 60 минутқа қоя тұрыңыз.
3 Балық	200 - 1500	Тұтас балықтың құйрығын алюминий фольгамен жабыңыз. Қысқа толқынды пеш дыбыстық сигнал бергенде балықты аударыңыз. Бұл бағдарлама тұтас балықтарға да, балық сүбелеріне де жарамды. 20 - 50 минутқа қоя тұрыңыз.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
4 Нан/торт	125 - 1000	Нанды қағаз сүлгі бетіне көлденеңінен қойып, қысқа толқынды пеш дыбыстық сигнал берген бойда аударыңыз. Тортты керамикалық тәрелкеге салыңыз және мүмкіндігінше қысқа толқынды пеш дыбыстық сигнал берген бойда аударыңыз. (Қысқа толқынды пеш жұмысын жалғастырады және есікті ашқанда тоқтайды.) Бұл бағдарлама туралған немесе тұтас нанның барлық түріне, сондай-ақ тоқаштар мен батондарға жарамды. Тоқаштарды айналдыра орналастырыңыз. Бұл бағдарлама ашытқан қамырдан дайындалған торттың, бисквиттің, чизкейктің және қатпарлы бәліштің барлық түріне жарамды. Ол үгілмелі/қытырлақ бәліштерге, жеміс торты мен кремді торттарға, сондай-ақ шоколад қоспасы бар торттарға жарамсыз. 10 - 30 минутқа қоя тұрыңыз.
5 Жеміс	100 - 600	Жемістерді жайпақ шыны ыдысқа біркелкі жайыңыз. Бұл бағдарлама жемістердің барлық түріне жарамды. 5 - 20 минутқа қоя тұрыңыз.


## Блюда на пару (Пайдалы бу) функцияларын пайдалану

**Блюда на пару (Пайдалы бу)** алдын ала бағдарламаланған 17 пісіру уақытын қамтиды. Пісіру уақытын немесе қуат деңгейін орнату қажет емес. Таза буқазанмен Пайдалы бу функциясында пісіре аласыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Қысқа толқынды пештерге арналған және пеште пайдалануға жарамды ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.

Есікті ашыңыз. Тағамды айналмалы табақтың ортасына қойыңыз. Есікті жабыңыз.



1. **Блюда на пару (Пайдалы бу)** түймесін 3 секунд басыңыз.

2. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы тағам санатын таңдап, **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.

3. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіріп жатқан тағам түрін таңдаңыз. Әртүрлі алдын ала бағдарламаланған параметрлердің сипаттамасын келесі беттегі кестеден қараңыз.

4. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы порция мөлшерін таңдаңыз.

5. **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Пісіру басталады. Ол аяқталғанда.

- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
- 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет сигнал береді.
- 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

**Блюда на пару (Пайдалы бу) бағдарламасының сипаттамасы**

**Пайдалы/азиялық**

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
1 Брокколи гүлшоғырлары	250 500	Балғын брокколиді шайып, тазалап, гүлшоғырларын дайындаңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Брокколиді алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
2 Туралған сәбіздер	250 500	Балғын сәбіздерді шайып, тазалаңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Сәбіздерді алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
3 Гүлді қырыққабат гүлшоғырлары	250 500	Балғын гүлді қырыққабаттарды шайып, тазалап, гүлшоғырларын дайындаңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Гүлді қырыққабаттарды алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
4 Текшелеп туралған асқабақ	250 500	Балғын асқабақтарды өлшеп, жуыңыз да, бірдей бөліктерге бөліңіз немесе текшелеп тураңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Асқабақтарды алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
5 Аршылған картоптар	250 500	Картоптарды шайып, аршып, бірдей етіп тураңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Картоптарды алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
6 Қатырылған көкөніс	250 500	Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Қатырылған көкөністі алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
7 Жеміс компоты	400	Балғын жемістерді (мысалы, алма, алмұрт, қара өрік, сары өрік, манго немесе ананас) аршып, жуып, бірдей бөліктерге бөлгеннен немесе текшелеп турағаннан кейін өлшеңіз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Жемістерді алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
8 Ақ күріш	250	Ақ күрішті шыны буқазанға қойыңыз. 500 мл салқын су құйыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 5 минутқа қоя тұрыңыз.
9 Буға пісірілген СИЫР еті	250 500	Тартылған сиыр етін өлшеп, домалақ пішінге (әрқайсысының Ø 25 мм) келтіріңіз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Сиыр етін алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
10 Ақсерке сүбелері	300 600	Балықты шайып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Ақсерке сүбелерін алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
11 Тауықтың төс еттері	300 600	Бөліктерді шайып, терінің бетін сәл кесіңіз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Тауықтың төс еттерін алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
12 Туралған тауық ботқасы	650	150 г тауықтың сан етін турап, тостағанда жүгері крахмалымен араластырыңыз. Шыны буқазанға 400 мл су мен тауық сорпасын құйыңыз. Тауық қоспасы мен 100 г суға бөктірілген күрішті шыны буқазанға салыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін араластырып, 2 – 3 минутқа қоя тұрыңыз.
13 Буға пісірілген ақ балық	250 500	Нәлімді салқын сумен шайыңыз. 1 шай қасық тұз бен аздап ұнтақталған бұрыш себіңіз. 1 ас қасық соя тұздығын құйып, 30 минут тоңазытқышқа қойыңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Алынбалы-салынбалы науаға бір қабат етіп 4 сүбені орналастырып, шыны буқазанға салыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 – 3 минутқа қоя тұрыңыз.
14 Буға пісірілген тұшпара	300	Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Қатырылған тұшпараны алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 – 3 минутқа қоя тұрыңыз.
15 Жасыл, Жапырағы бар көкөніс	125 250	Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Жасыл, жапырағы бар көкөністі шайыңыз. Оларды алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 – 3 минутқа қоя тұрыңыз.
16 Буға пісірілген Жұмыртқалар	350	Шыны буқазанға 3 жұмыртқа, 250 мл су, тауық сорпасы, бір шымшым тұз және 10 мл май салыңыз. Қасықпен ақырын араластырыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 – 3 минутқа қоя тұрыңыз.
17 Буға пісірілген асшаяндар	300	Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Шикі асшаяндарды сумен шайыңыз. Оларды алынбалы-салынбалы науаға салып, шыны буқазанға қойыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 – 3 минутқа қоя тұрыңыз.

## Домашние рецепты (Автоматты түрде пісіру) функцияларын пайдалану

**Домашние рецепты (Автоматты түрде пісіру)** функциялары алдын ала бағдарламаланған пісіру уақыттарын қамтиды/ұсынады. Пісіру уақытын немесе қуат деңгейін орнату қажет емес.


### ⓘ ЕСКЕРТПЕ

Қысқа толқынды пештерге арналған және пеште пайдалануға жарамды ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.

Есікті ашыңыз. Тағамды айналмалы табақтың ортасына қойыңыз. Есікті жабыңыз.



**1. Домашние рецепты (Автоматты түрде пісіру)** түймесін басыңыз.



- 2. Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы тағам санатын таңдап, **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.
- 3. Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіріп жатқан тағам түрін таңдаңыз. Әртүрлі алдын ала бағдарламаланған параметрлердің сипаттамасын келесі беттегі кестеден қараңыз.
- 4. Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы порция мөлшерін таңдаңыз.
- 5. Старт/+30c (Іске қосу/+30c)** түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Пісіру басталады. Ол аяқталғанда.

- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
- 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
- 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

### Воздушный фритюр (Ауада қуыру) нұсқаулығы

Келесі кестеде қуыруға арналған 12 **Воздушный фритюр (Ауада қуыру)** авто бағдарламасы көрсетілген. Онда оның мөлшерлері және тиісті нұсқаулар бар. Қуыруға арналған ыдыста қуырумен салыстырғанда май аз кетеді, нәтижесінде тағамыңыз дәмді болып шығады. Бағдарламалар конвекция, үстіңгі жылытқыш және қысқа толқынды энергия тіркесімінде жұмыс істейді. Бұл картоп/көкөністерден (6), теңіз өнімдерінен (3), тауық етінен (3) тұрады.

### ЕСКЕРТПЕ

Тағамды алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
1-1 Пеште дайындалатын қатырылған қытырлақ картоптар	300 - 350 400 - 450	Пеште дайындалатын қатырылған қытырлақ картоптарды қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
1-2 Қатырылған картоп крокеттері	200 - 250 300 - 350	Қатырылған картоп крокеттерін қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
1-3 Үйде дайындалған картоп фриі	300 - 350 400 - 450	Картоптың қатты және қаттылығы орташа түрін алып, оларды жуыңыз. Картоптардың қабығын аршып, 10 x 10 мм қалыңдықта ұзынша етіп тураңыз. Салқын суға салып қойыңыз (30 мин.). Оларды сүлгімен құрғатып, өлшеңіз де, 5 г зәйтүн майын жағыңыз. Үйде дайындалған фридді қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
1-4 Картоп тілімдері	200 - 250 300 - 350 400 - 450	Қалыпты өлшемдегі картоптарды жуып, тілімдеп тураңыз. Зәйтүн майын жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Оларды туралған жағымен қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа салыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
1-5 Қатырылған пияз сақиналары	100 - 150 200 - 250	Қатырылып, ұнға аунатылған пияз немесе кальмар сақиналарын қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп салыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
1-6 Жұқалап туралған кәділер	100 - 150 200 - 250	Кәділерді сумен шайып, жұқалап тураңыз. 5 г зәйтүн майын жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Тілімдерді қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп салып, табақты жоғарғы торға орналастырыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
1-7 Қатырылған асшаяндар	200 - 250 300 - 350	Қатырылып, ұнға аунатылған асшаяндарды қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
1-8 Қатырылған балық котлеттері	200 - 250 300 - 350	Қатырылып, ұнға аунатылған балық котлеттерін қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
1-9 Қатырылған және қуырылған кальмарлар	100 - 150 200 - 250	Қатырылып, ұнға аунатылған кальмар сақиналарын қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
1-10 Қатырылған тауық етінен дайындалған наггетстер	200 - 250 300 - 350	Қатырылған тауық етінен дайындалған наггетстерді қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
1-11 Тауық сирақтары	200 - 250 300 - 350 400 - 450	Сирақтарды өлшеп, май жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Оларды қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
1-12 Тауық қанаттары	200 - 250 300 - 350	Тауық қанаттарын өлшеп, май жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Оларды қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп жайыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.

### Пайдалы тағамдар пісіру нұсқаулығы

Келесі кестеде пайдалы тағамдар пісірудің 15 бағдарламасы бойынша мөлшерлер мен тиісті нұсқаулар көрсетілген. Ол жарма/макарон өнімдерінен(3), көкөністерден(6) және құс еті/балықтан(6) тұрады.

#### ЕСКЕРТПЕ

Тағамды алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
2-1 Қоңыр күріш	150 - 200 200 - 250	Қақпағы бар булауға арналған тостағанды пайдаланыңыз. Еке еселенген мөлшерде салқын су құйыңыз. Қақпағын жауып пісіріңіз. Қоя тұру алдында араластырып, тұз бен шөптер қосыңыз. 5 - 10 минутқа қоя тұрыңыз.
2-2 Киноа	150 - 200 200 - 250	Қақпағы бар булауға арналған тостағанды пайдаланыңыз. Еке еселенген мөлшерде салқын су құйыңыз. Қақпағын жауып пісіріңіз. Қоя тұру алдында араластырып, тұз бен шөптер қосыңыз. 1 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
2-3 Макарон өнімдері	100 - 150 200 - 250	Булауға арналған тостағанды пайдаланыңыз. 4 еселенген мөлшерде қайнаған су құйыңыз, бір шымшым тұз қосып, жақсылап араластырыңыз. Қақпағын жаппай пісіріңіз. Қоя тұру алдында араластырыңыз, содан кейін суын мұқият төгіңіз. 1 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
2-4 Жасыл бұршақ	200 - 250 300 - 350	Жасыл бұршақтарды сумен шайып, тазалаңыз. Оларды қақпағы бар булауға арналған тостағанға біркелкі етіп салыңыз. Пісіру кезінде 200 - 250 г бұршаққа 30 мл (2 ас қасық), ал 300 - 350 г бұршаққа 45 мл (3 ас қасық) су құйыңыз. Тостағанды айналмалы табақтың ортасына қойыңыз. Қақпағын жауып пісіріңіз. Пісіргеннен кейін араластырыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.



Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
2-5 Шпинат	100 - 150 200 - 250	Шпинатты сумен шайып, тазалаңыз. Қақпағы бар булауға арналған тостағанға салыңыз. Су құймаңыз. Тостағанды айналмалы табақтың ортасына қойыңыз. Қақпағын жауып пісіріңіз. Пісіргеннен кейін араластырыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
2-6 Аршылған картоптар	300 - 350 400 - 450 500 - 550	Картоптарды жуып, аршыңыз және екіге бөліп, қақпағы бар булауға арналған тостағанға салыңыз. 15 - 30 мл (1 - 2 ас қасық) су құйыңыз. Пісіргеннен кейін араластырыңыз. Көбірек мөлшерде пісірілсе, пісіру кезінде бір рет араластырыңыз. 3 - 5 минутқа қоя тұрыңыз.
2-7 Картоп гратені	400 - 450 800 - 850	Балғын картоп гратенін шыны Ругех ыдысына салыңыз. Ыдысты төменгі торға қойыңыз. 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
2-8 Грильде пісірілген баклажандар	100 - 150 200 - 250	Баклажандарды сумен шайып, тураңыз. Май жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Тілімдерді қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп салыңыз. Табақты жоғарғы торға орналастырыңыз. Дыбыстық сигнал берілген бойда аударыңыз. Жалғастыру үшін іске қосу түймесін басыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
2-9 Грильде пісірілген қызанақтар	400 - 450 600 - 650	Қызанақтарды сумен шайып, тазалаңыз. Екіге бөліп, пеш ыдысына салыңыз. Үстіне үккіштен өткізілген ірімшік себіңіз. Ыдысты жоғарғы торға қойыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
2-10 Тауықтың төс еттері	300 - 350 400 - 450	Тауықтың төс етін сумен шайып, керамикалық тәрелкеге салыңыз. Қысқа толқынды пешке арналған пленкамен жауып, пленканы тесіңіз. Ыдысты айналмалы табаққа қойыңыз. 2 минутқа қоя тұрыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
2-11 Күркетауықтың төс еттері	300 - 350 400 - 450	Күркетауықтың төс етін сумен шайып, ыстыққа төзімді шұңғыл шыны ыдысқа салыңыз. Қысқа толқынды пешке арналған пленкамен жауып, пленканы тесіңіз. Ыдысты айналмалы табаққа қойыңыз. 2 минутқа қоя тұрыңыз.
2-12 Грильде пісірілген тауықтың төс еттері	300 - 350 400 - 450	Тауықтың төс етін сумен шайып, маринадтаңыз да, қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа салыңыз. Табақты жоғарғы торға орналастырыңыз. Дыбыстық сигнал берілген бойда аударыңыз. Жалғастыру үшін іске қосу түймесін басыңыз. 2 минутқа қоя тұрыңыз.
2-13 Грильде пісірілген балық сүбелері	200 - 300 400 - 500	Балық сүбелерін қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп салыңыз. Табақты жоғарғы торға орналастырыңыз. Дыбыстық сигнал берілген бойда аударыңыз. Жалғастыру үшін іске қосу түймесін басыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.
2-14 Грильде пісірілген ақсерке стейктері	200 - 250 300 - 350	Балық стейктерін қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа біркелкі етіп салыңыз. Табақты жоғарғы торға орналастырыңыз. Дыбыстық сигнал берілген бойда аударыңыз. Жалғастыру үшін іске қосу түймесін басыңыз. 2 минутқа қоя тұрыңыз.
2-15 Қуырылған балық	300 - 350 400 - 500	Бүтін балықтың (бақтақ немесе дорада) терісіне май жағып, шөптер мен дәмдеуіштер қосыңыз. Балықты қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа қатарластыра, басын құйрығына қарай қойыңыз. Табақты жоғарғы торға орналастырыңыз. Дыбыстық сигнал берілген бойда аударыңыз. Жалғастыру үшін іске қосу түймесін басыңыз. 3 минутқа қоя тұрыңыз.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

### Қамыр тындыру/йогурт бойынша нұсқаулық

Келесі кестеде ашытқы қамырдың көтерілуі немесе үйде жасалған йогурт үшін авто бағдарламаларды пайдалану әдісі көрсетілген.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
3-1 Пицца қамыры	300 - 500	Қамырды қолайлы өлшемдегі тостағанға салып, төменгі торға қойыңыз. Алюминий фольгамен жабыңыз.
3-2 Торт қамыры	500 - 800	Қамырды қолайлы өлшемдегі тостағанға салып, төменгі торға қойыңыз. Алюминий фольгамен жабыңыз.
3-3 Нан қамыры	600 - 900	Қамырды қолайлы өлшемдегі тостағанға салып, төменгі торға қойыңыз. Алюминий фольгамен жабыңыз.
3-4 Шағын шыны-аяқтардағы йогурт	500	150 г табиғи йогуртты 5 керамикалық шыны аяққа немесе шағын шыны құтыларға біркелкі етіп құйыңыз (әрқайсысына 30 г). Әр шыны аяққа 100 мл сүт құйыңыз. Ұзақ сақталатын (бөлме температурасындағы; майлылығы 3,5 %) сүтті пайдаланыңыз. Әрқайсысын тамаққа арналған пленкамен жауып, айналмалы табақтың ортасына орналастырыңыз. Дайын болғаннан кейін 6 сағатқа тоңазытқышқа салып қойыңыз. Алғашқыда құрғақ йогурт бактериялық ұйытқысын пайдалануды ұсынамыз.
3-5 Үлкен тостағандағы йогурт	500	150 г табиғи йогуртты 500 мл ұзақ сақталатын (бөлме температурасындағы; майлылығы 3,5 %) сүтпен араластырыңыз. Үлкен шыны тостағанға біркелкі етіп құйыңыз. Тамаққа арналған пленкамен жауып, айналмалы табаққа орналастырыңыз. Дайын болғаннан кейін 6 сағатқа тоңазытқышқа салып қойыңыз. Алғашқыда құрғақ йогурт бактериялық ұйытқысын пайдалануды ұсынамыз.

### Автоматты түрде жылыту/пісіру нұсқаулығы

Келесі кестеде автоматты түрде пісіруге арналған мөлшерлер және тиісті нұсқаулар көрсетілген.

#### ЕСКЕРТПЕ

Тағамды алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері (г)	Нұсқаулар
4-1 Дайын тағам (Салқындатылған)	300 - 350 400 - 450	Керамикалық тәрелкеге салып, қысқа толқынды пешке арналған пленкамен жабыңыз. Бұл бағдарлама 3 ингредиенттен тұратын тағамдар (мысалы, тұздық қосылған ет, көкөністер және картоп, күріш немесе макарон сияқты гарнирлер) үшін жарамды. 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.
4-2 Қатырылған пицца	300 - 350 400 - 450	Қатырылған пиццаны төменгі торға қойыңыз.
4-3 Қатырылған лазанья	400 - 450 600 - 650	Қатырылған лазаньяны қолайлы өлшемдегі ыстыққа төзімді ыдысқа салыңыз. Ыдысты төменгі торға қойыңыз. 3 - 4 минутқа қоя тұрыңыз.
4-4 Қуырылған тауық еті	1100 - 1150 1200 - 1250	Салқындатылған тауық етіне май жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Төс жағын төмен қаратып, төменгі тордың ортасына қойыңыз. Қысқа толқынды пеш дыбыстық сигнал берген бойда аударыңыз. Процесті жалғастыру үшін <b>Старт/+30с (Іске қосу/+30с)</b> түймесін басыңыз. 5 минут қоя тұрыңыз.
4-5 Маффиндер	250 - 300	Қамырды маффиндерге арналған 6 - 8 қағаз немесе силикон қалыптарға (әрқайсысы 45 г) құйып, төменгі торға орналастырыңыз. Бағдарламаны іске қосыңыз (қысқа толқынды пеш алдын ала қыздырылады). Дыбыстық сигнал берілгеннен кейін торды тағаммен бірге салыңыз.

### Орысша рецепт

Келесі кестеде автоматты түрде пісіруге арналған мөлшерлер және тиісті нұсқаулар көрсетілген.

### ЕСКЕРТПЕ

Тағамды алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз.

### Таңғы ас

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-1 Сұлы жармасының ботқасы	250 г	<b>Ингредиенттер</b> 40 г сұлы үлпегі, 180 мл сүт, 40 г сары май, 2 ас қасық қант, 2 бисквитті печенье, қара қарақат немесе таңқурай <b>Нұсқаулар</b> Сұлы үлпегін шұңғыл тостағанға салып, қант қосыңыз. Салқын сүт құйып, араластырыңыз. Қақпақпен жауып, қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Бисквитті печеньелерді үлкен бөліктерге бөліңіз. Пісірілгеннен кейін ботқаға сары май қосыңыз. Ботқаға бисквит үгінділерін сеуіп, жидектермен безендіріп ұсыныңыз.
5-2 Қарақұмық ботқасы	250 г	<b>Ингредиенттер</b> 100 г қарақұмық жармасы, 220 мл су, бірнеше балдыркөк сабағы, дәміне қарай тұз <b>Нұсқаулар</b> Жарманы шұңғыл тостағанға салыңыз. Тұз қосып, су құйыңыз. Қақпақпен жауып, қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берілгенде шығарып, араластырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Балдыркөкті текшелеп тураңыз. Пісірілгеннен кейін текшелеп туралған шөптерді және өсімдік майын қосып, араластырыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-3 Ірімшік қосылған тост	2 тілім	<b>Ингредиенттер</b> Тост наны – 2 тілім (26 - 28 г / тілім), ірімшік – 2 тілім (20 г / тілім) <b>Нұсқаулар</b> Екі нан тілімін жоғарғы торға қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берілгенде тост бөліктерін аударып, ірімшік тілімдерін үстіріне салыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз.
5-4 Пашот жұмыртқасы	1 жұмыртқа	<b>Ингредиенттер</b> 1 жұмыртқа, 300 мл су, 10 - 15 мл 9 % сірке суы <b>Нұсқаулар</b> Су мен сірке суын тостағанға араластырып, қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берілгенде тостағанды шығарыңыз. Суды шанышқымен ортасында иірім пайда болатындай етіп араластырып тұрып, жұмыртқаны қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.
5-5 Ақсерке және майонез салынған сэндвич	2 тілім	<b>Ингредиенттер</b> Тост нанының 2 тілімі, 100 г консервіленген ақсерке немесе құнысбалық, 1 ас қасық майонез, ¼ орташа пияз, 1 көк пияздың жоғарғы бөлігі, дәміне қарай қара бұрыш <b>Нұсқаулар</b> Нанды төменгі торға қойып, торды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Пияз басын және көк пияздарды текшелеп турап, балықты шанышқымен аунатыңыз, пияздармен араластырыңыз да, дәміне қарай бұрыш қосыңыз. Салмаға майонез қосып, араластырыңыз. Нанның бір тіліміне салма салып, оны басқа нан тілімімен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-6 Бұршақтар қосылған шұжықтар	2 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 2 шұжық, 150 г консервіленген жасыл бұршақтар, 20 г сары май, 1 түйір сарымсақ, 1 көк пияздың жоғарғы бөлігі</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Көк пияздар мен сарымсақты текшелеп тураңыз. Тостағанда консервіленген бұршақтар, пияздар және сарымсақты араластырыңыз. Шұжықтарды пісірген кезде жарылып кетпес үшін шанышқымен бірнеше жерінен тесіңіз. Кең тәрелкеге шұжықтарды, сарымсақ пен пияздар қосылған бұршақтарды салып, үстіне сары майдың бір бөлігін қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>
5-7 Омлет	250 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 3 жұмыртқа, 45 мл кілегей, 40 г ірімшік, аскөк жапырақтары, тұз</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Ірімшікті үлкен үккіште үгіп, аскөк жапырақтарын текшелеп тураңыз. Тостағанда жұмыртқаны кілегеймен шайқаңыз және дәміне қарай тұз қосыңыз. Жұмыртқа мен кілегей қоспасын сорпаға арналған тәрелкеге құйып, үгілген ірімшік пен текшелеп туралған аскөк жапырақтарын себіңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>
5-8 Чизкейк бәліштері	2 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 90 - 100 г үй ірімшігі, 10 г ванильді қант, 0,5 г тұз, ¼ жұмыртқа, 5 - 10 г май (жағу үшін), 30 г ұн</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Сары майдан басқа барлық ингредиентті жақсылап араластырыңыз. Екі бәліш жасаңыз. Оларға май жағыңыз. Пергамент қағазына салып, жоғарғы торға қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берген кезде бәліштерді аударыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-9 Торт	2 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 150 - 170 г ұн, 50 г қант, 70 - 75 мл кілегей, 20 г сары май, 1 жұмыртқа, ½ шай қасық аспаздық май, 100 г кептірілген кумкват немесе мандарин, күнжіт дәндері</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Ұнды және аспаздық майды үлкен тостағанға елеп, кілегей, қант және жұмсартылған сары майды қосыңыз. Бір жұмыртқаны жарып, 1 - 2 минут қатты араластырыңыз. Кумкваттар тым қатты болса, оларды жұмсартуға ыстық суға салып, кішкене бөліктерге кесіңіз. Кесілген кумкваттарды қамырға қосып, қайтадан араластырыңыз. Қамырды кішкене қалыптарға салып, оларды үштен екі бөлігімен толтырыңыз және үстіне күнжіт дәндерін себіңіз. Қалыптарды төменгі торға орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>
5-10 Лимон қосылған, құмшекерлі дөңгелек печеньелер	9 - 10 дөңгелек печенье	<p><b>Ингредиенттер</b> 150 г ұн, 45 г сары май, 60 г қант, 1 жұмыртқа, 1 лимон, 2 ас қасық қант ұнтағы, 2 ас қасық су</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Ұнды үлкен тостаған ішіне елеп, сары май қосыңыз да, қоспаны саусақтарыңызбен үгінді пайда болғанша ысқылаңыз. Қант, су, жұмыртқа ақуызын, лимон қабығының үгіндісін және 1 шәй қасық лимон шырынын қосып, қамыр илеңіз. Көлемі шағын қара өрік өлшемінде болатын шағын шарлар жасап, оларды қант ұнтағына аунатыңыз. Шарларды пергамент қағазына салып, төменгі торға орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал естілгенде, шарларды шығарыңыз. Жұмыртқаның сарыуызын жағып, қысқа толқынды пешке салыңыз да, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-11 Тауық бауырынан жасалатын паштет	300 - 350 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 150 г тауық бауыры, ½ пияз, 1 түйір сарымсақ, 50 г сары май, 2 ас қасық зәйтүн майы, 100 мл қою қаймақ, тұз, дәміне қарай қара бұрыш, бірге ұсынылатын көк шөптер</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Тауық бауырын жуып, шеміршектері мен тамырларын алып, тазалаңыз да, үлкен бөліктерге бөліңіз. Пиязды аршып, жарты дөңгелектеп тураңыз. Тостағанға бауырмен бірге салып, зәйтүн майын құйыңыз. Қақпақпен жауып, қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал естілгенде, бауырды аударып, оны қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз. Пісіргеннен кейін, дайын бауырды блендерде біркелкі болғанша ұсақтаңыз, сары май, сарымсақ, тұз және кілегей қосып, тағы араластырыңыз. Тауық бауырынан жасалған паштетті қалыпқа салып, бұрыш пен туралған көк шөп себіңіз, содан кейін оны толығымен қоюланғанша тоңазытқышқа 2 - 3 сағатқа қойыңыз. Қызартылған нан тілімімен бірге ұсыныңыз.</p>
5-12 Көкөніс омлеті	800 - 900 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 1 шағын цукини, 1 қызыл болгар бұрышы, 1 шағын пияз, 2 орташа картоп, 4 жұмыртқа, 100 г қою қаймақ, 50 г қатты ірімшік, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Цукини мен картопты жұқа бөліктерге бөліп, бұрышты ұзынша етіп, ал пиязды жарты дөңгелектеп тураңыз. Жұмыртқаны кілегеймен бірге шайқап, тұз бен бұрыш қосыңыз. Барлық көкөністі қысқа толқынды пештерге арналған тостағанға салыңыз. Жұмыртқа мен кілегей қоспасын құйып, бетіне үккіштен өткізілген ірімшікті себіңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-13 Күнжіт қосылған ірімшікті печеньелер	12 шар	<p><b>Ингредиенттер</b> 180 г ұн, 75 г сары май, 60 г көк ірімшік, 1 ас қасық қыша, 1 көк пияз сабағы, 1 ас қасық салқын су, 1 ½ ас қасық қуырылған күнжіт</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Ұнды тостаған ішіне елеп, ерітілген сары май мен шағын текшелеп туралған ірімшік қосыңыз. Шанышқымен араластырыңыз. 1 ас қасық салқын су, қыша қосып, біркелкі қамыр илеңіз. Көк пиязды текшелеп тураңыз да, қамыры бар тостағанға салып, қайта илеңіз, бетін сүлгімен жауып, тоңазытқышқа 30 минутқа қойыңыз. Қамырдан бірдей 12 шар жасаңыз. Печеньелерді күнжіт дәндеріне аунатып, үлкен тәрелкеге салыңыз да, үстінен саусағыңызбен сәл басыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>
5-14 Шоколадты печеньелер	12 шар	<p><b>Ингредиенттер</b> 200 г ұн, 100 г қара шоколад, 50 г сары май, 70 г грек жаңғағы, 70 г қант, 1 жұмыртқа</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Шоколадты үлкен бөліктерге бөліп, оларды шұңғыл тостағанға салыңыз да, сары май қосыңыз. Оны 600 ватт қуаттағы қысқа толқынды пеште 2 - 2,5 минут ерітіп, араластырыңыз. Шоколадты сәл суыту үшін қалдырыңыз, содан кейін жұмыртқаны қосып, жақсылап араластырыңыз. Грек жаңғағын пышақпен үлкен етіп тураңыз (безендіру үшін бірнеше жаңғақ қалдырыңыз) және оларды еленген ұн мен қант салынған тостағанға салыңыз. Біртекті қамыр илеңіз, оны тамаққа арналған пленкаға орап, тоңазытқышқа 30 минутқа қойыңыз. 12 шағын шар жасаңыз, әр шардың үстіне грек жаңғағының кішкене бөлігін басыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-15 Крупеник	400 - 500 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 100 г қарақұмық жармасы, 100 г сүзбе, 60 г қаймақ, 70 г қант, 1 жұмыртқа, 2 бисквитті печенье, 100 мл су</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қарақұмықты тостағанға салыңыз, оған су құйып, қысқа толқынды пеште 600 ватт қуатта 5 минут пісіріңіз. Бисквитті печеньені қолыңызбен ұсақтаңыз. Үгіндінің жартысын пісіруге арналған қалыптың түбіне салыңыз. Шұңғыл тостағанда қайнатылған қарақұмық, жұмыртқа, қант, сүзбені араластырыңыз. Қамырды қалыпқа жайыңыз, қалған үгінділерді үстіне себіңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға қаймақпен ұсыныңыз.</p>

### Түскі ас

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-16 Борщ	700 - 750 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 275 мл ет сорпасы, 150 г ақбас қырыққабат, ½ орташа пияз, ½ орташа өлшемдегі қызылша, ½ орташа сәбіз, 2 - 3 түйір сарымсақ, 2 шай қасық қызанақ пастасы, 2 - 3 ас қасық текшелеп туралған көк пияз, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай тұз және қара бұрыш, дастарханға ұсыну үшін қаймақ</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қырыққабатты, сәбізді және пиязды тазалап, жуыңыз. Оларды ұзынша етіп жұқалап тураңыз. Барлық көкіністі үлкен шыны тостағанға салыңыз және қайнаған сорпа құйыңыз. Сорпаға тұз, бұрыш, лавр жапырағын қосып, араластырыңыз. Қақпақпен немесе тамаққа арналған пленкамен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дайын сорпаға текшелеп туралған көк шөпті және сарымсақты қосыңыз және қақпағын бірнеше минутқа жауып қойыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-17 Щи	1400 - 1500 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 150 г ақбас қырыққабат, ½ сәбіз, 1 пияз, 3 шағын картоп, 1 ½ ас қасық қызанақ пастасы, 500 мл сиыр немесе тауық еті сорпасы, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай тұз және қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Барлық көкөністі жуып, қабығын аршып, тураңыз: қырыққабатты, пияз және сәбіздерді ұзынша, картопты жұқалап тураңыз. Дайындалған көкөністерді шұңғыл тостағанға салыңыз, сорпа құйыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде оларды шығарыңыз және сорпаға қызанақ пастасын, лавр жапырағын қосыңыз. Дәміне қарай тұз және бұрыш қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>
5-18 Ет қосылған тұзды көже	500 - 600 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 150 г сүр ет, 1 шағын шұжық, 1 шағын тұздалған қияр, 1 орташа пияз, 50 г зәйтүн, 1 - 1 ½ шай қасық тұздығы бар калперс, 2 ас қасық қызанақ пюреі, 250 - 300 мл кез келген дайын сорпа</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Сүр етті жұқа, шұжықты жұқа дөңгелек етіп және пиязды жартылай дөңгелектеп тураңыз. Сорпаны керамикалық немесе шыны тостағанға құйыңыз, қызанақ пюреі және туралған пиязды қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде оларды шығарып, шұжық пен сүр етті қосыңыз. Жұқа таяқшаларға туралған тұздалған қияр, зәйтүндер, калперсті қосып, барлығын араластырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-19 Көкөніс сорпасы	650 - 700 г	<b>Ингредиенттер</b> 150 г қатырылған көкөніс қоспасы, 500 мл көкөніс немесе тауық сорпасы, 1 түйір сарымсақ, ½ көлемі орташа қызылша, 2 көк пияз үсті, дәміне қарай тұз, қара бұрыш <b>Нұсқаулар</b> Көкөністерді шұңғыл тостағанға салыңыз, текшелеп туралған сарымсақты қосып, сорпа құйыңыз. Тұз бен бұрыш қосып, туралған көк шөп себіңіз. Қақпағын жауып пісіріңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Сорпаны дастарханға сұр түсті қуырылған нанмен бірге ұсыныңыз.
5-20 Тауық етінен дайындалған кеспе	700 - 800 г	<b>Ингредиенттер</b> 1 тауық сүбесі, ½ сәбіз, ½ пияз, 40 г макарон, 4 балдыркөк сабағы, 500 мл тауық сорпасы, дәміне қарай тұз <b>Нұсқаулар</b> Тауық сүбесін жуып, кептіріп, кішкене бөліктерге кесіңіз. Тауықты шұңғыл тостағанға салыңыз және сорпа құйыңыз. Сорпаға макарон қосып, араластырыңыз. Сәбізді, пиязды аршып, жұқалап тураңыз. Оларды сорпа құйылған тостағанға салып, тұз, туралған көк шөп қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.
5-21 Фрикаделькалар	2 дана	<b>Ингредиенттер</b> 250 г тартылған сиыр еті, 100 мл сүт, 2 тілім құрғақ ақ нан, 40 г ірі кепкен нан ұнтағы, дәміне қарай тұз, қара бұрыш <b>Нұсқаулар</b> Қабықшасыз құрғақ нанды сорпа тәрелкесіне салыңыз, сүтке салып, 5 - 6 минутқа қалдырыңыз. Наннан артық сұйықтықты сығыңыз. Тартылған сиыр етін суланған нанмен біркелкі консистенцияға дейін араластырыңыз. Тартылған сиыр етіне дәміне қарай бұрыш пен тұз қосыңыз. Тартылған сиыр етін жақсылап араластырып, оны тәрелке түбіне 2 минут бойы басыңыз. Екі бірдей сопақша фрикаделькалар жасап, әрқайсысын кепкен нан ұнтағына аунатып, кепкен нан ұнтағын қолыңызбен етке басыңыз. Фрикаделькалар салынған тәрелкені жоғарғы торға қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берілгенде оларды шығарып, фрикаделькаларды аударыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-22 Орыс ақсерке стейкі	1 дана	<b>Ингредиенттер</b> 200 - 220 г ақсеркенің 1 бөлігі, 1 лимон, 1½ ас қасық зәйтүн майы, 1 розмарин сабағы, 2 шымшым ақ бұрыш, 1 шымшым мускат жаңғағы, дәміне қарай тұз <b>Нұсқаулар</b> Лимон цедрасын шағын тостағанға үккіштен өткізіп, тостағанға аздап лимон шырынын сығып, май құйып, дәмдеуіштер қосып, барлығын араластырыңыз. Балыққа дайын маринадты молынан құйыңыз, оларды тәрелкеге салыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дайын балыққа дәміне қарай лимон шырынын құйыңыз және кішкене тұз қосыңыз.
5-23 Қыша қосылған шошқа кесек еті	500 - 600 г	<b>Ингредиенттер</b> 250 г шошқа кесек еті, 1 сәбіз, 1 пияз, 1 ас қасық ұн, 2 ас қасық түйірлі қыша, 100 г қою қаймақ, 150 мл аралас сорпа, дәміне қарай тұз, қара бұрыш <b>Нұсқаулар</b> Шошқа етін жуып, құрғатыңыз да, гуляш сорпасын пісіретіндей шағын етіп тураңыз. Пияз бен сәбізді аршып, оларды жуан етіп турап, етпен бірге тостағанға салыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Тұздықты етке құйыңыз және араластырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз. Тұздықты дайындаңыз: қаймақты қыша, ұн және сорпамен бөлек араластырыңыз, дәміне қарай тұз және бұрыш қосыңыз.
5-24 Тұшпара	300 - 400 г	<b>Ингредиенттер</b> 220 г дайын тұшпара, 1 стақан сорпа, 1 түйір сарымсақ, 1 лавр жапырағы, 2 аскөк сабағы, 2 көк пияз үсті, бүтін хош иісті бұрыш, дәміне қарай тұз <b>Нұсқаулар</b> Сорпаны шұңғыл тостағанға құйыңыз. Лавр жапырағын, бірнеше хош иісті бұрыш жидегін, тұз және туралған сарымсақты қосыңыз. Тұшпараларды салыңыз, қақпақпен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Көк шөпті тураңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын тұшпараларға көк шөп себіңіз.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-25 Кепкен жемістер компоты	700 - 750 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 500 мл су, 30 г қара өрік, 30 г кептірілген шабдалы жартылары, 30 г кептірілген алма, ½ лимон, 70 г қант, 1 даршын таяқшасы</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Барлық кептірілген жемісті жуып, шұңғыл тостағанға салыңыз және суды төгіңіз. Даршын және қант қосып, араластырыңыз. Лимон цедрасын ұсақ үккіштен өткізіп, оны компотқа қосыңыз. Дәміне қарай кішкене лимон шырынын қосуға да болады. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын біраз уақыт қоя тұрыңыз.</p>
5-26 Қытайша дайындалатын тауық қанаттары	6 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 250 г тауық қанаты, 2 см зімбір тамыры, 1 түйір сарымсақ, 1 шағын кептірілген чили бұрышы, 1 ас қасық өсімдік майы, 1 ас қасық күнжіт, 1 ас қасық соя тұздығы, 1 ас қасық сұйық бал, 60 мл құрғақ шарап немесе портвейн</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Тауық қанаттарын жуыңыз және оларды буындарынан бөліңіз. Ең жұқа бөлігін алып тастаңыз. Бал, шарап, соя тұздығы және майды сорпа тәрелкесінде араластырыңыз. Туралған сарымсақ, ұнтақталған зімбір, ұсақталған бұрыш және күнжіт дәндерінің жартысын қосыңыз. Қанаттарға маринад жағыңыз және тоңазытқышта 1 сағатқа қалдырыңыз. Қанаттарды жалпақ тәрелкеге салыңыз, қалған күнжіт дәндерін себіңіз. Төменгі торға қойыңыз және қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Пісіргеннен кейін қанаттардың маринадын шағын тостағанға құйып, қысқа толқынды пеште 3 минут бойы 600 ватт қуатта пісіріңіз. Дайын тұздықты қанаттармен бірге дастарханға ұсыныңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-27 Қытырлақ ірімшік қоспасы қосылған балық	350 - 400 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 200 г ақ сақа сүбесі, 1 моцарелла шары, 40 г грек жаңғағы, 2 жолақ сүрленген бекон, 2 уыс ұсақталған қытырлақ картоп, 1 ас қасық өсімдік майы, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Балық сүбесін порция мөлшеріне қарай бөліп, оларды жайпақ тәрелкеге салыңыз да, аздап бұрыш қосыңыз. Моцарелланы сақиналарға бөліңіз және оларды балық үстіне салыңыз. Беконды кішкентай бөліктерге тураңыз, грек жаңғақтарын пышақпен ұсақтаңыз. Бекон, қытырлақ картоптар және грек жаңғақтарын бөлек тостағанда араластырыңыз. Дайын қоспаны балықтың үстіне салып, кішкене май себіңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>
5-28 Брокколи және бадам қосылған балық	550 - 600 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 180 г пангасиус және тилапия сүбесі, 150 г брокколи, 1 апельсин, 50 г қуырылған бадам, 30 г сары май, 1 шай қасық ұн, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Апельсин қабығын шағын тостағанға үккіштен өткізу үшін ұсақ үккішті пайдаланыңыз және апельсин шырынын сол тостағанға сығыңыз. Балықты жуып, сорпа тәрелкесіне салыңыз. Брокколиді гүлшоғырларға бөліп, балықтың айналасына жайыңыз. Апельсин қабығы мен шырыны бар тостағанға сары май және аздап ұн салыңыз. Араластырыңыз және тұз, бұрыш қосыңыз. 600 ватт қуаттағы қысқа толқынды пеште 2 минут қыздырыңыз. Балық және қырыққабатты дайын тұздыққа батырыңыз. Бадамды үлкен етіп тураңыз, балық пен қырыққабатқа бадамды себіңіз және дәміне қарай бұрыш қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>



Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-29 Кальмар қосылған песто	250 - 300 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 1 тазаланған кальмар, 70 мл құрғақ ақ шарап, ½ лимон, 4 насыбайгүл сабағы, 40 г балқарағай жаңғағы, 1 түйір сарымсақ, 40 мл зәйтүн майы, дәміне қарай тұз, бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Сарымсақ, жаңғақтар және насыбайгүл жапырақтарын тостағанға салып, зәйтүн майын құйыңыз да, ¼ лимон шырынын сығыңыз және тұз қосыңыз. Батырмалы блендер пайдаланып, қоспаны біркелкі болғанша ұнтақтаңыз. Кальмарды сақиналарға бөліңіз, оларды бөлек тостағанға салыңыз және дәміне қарай тұз және бұрыш қосыңыз. Құрғақ шарап құйыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Пісіргеннен кейін кальмарды дайын сорпада суытыңыз, содан кейін оны шығарып, құрғатыңыз. Оны песто тұздығымен араластырыңыз және оны маринадтауға 10 минутқа қалдырыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын лимон шырынын себіңіз.</p>
5-30 Бефстроган	200 - 250 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 250 г сиыр еті, 2 пияз, 1 ас қасық сиыр етінің сорпасы, 2 ас қасық қаймақ немесе қою қаймақ, 1 ас қасық ұн, 1 ас қасық қызанақ пюресі, дәміне қарай тұз, қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Етті жуып, құрғатыңыз, оны алдымен қалыңдығы 5 мм тілім етіп, содан кейін ұзын жолақ етіп тураңыз. Ұнды тұз және бұрышпен араластырыңыз, бұл қоспада ет жолақтарын ұнға аунатыңыз. Артық ұнды сілкіп тастаңыз. Пиязды жұқа жартылай дөңгелектеп тураңыз да, еті бар тостағанға салып, сорпа құйыңыз, қызанақ пюресін қосып, араластырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берілгенде, оларды шығарып, бефстроганға қаймақ қосыңыз. Араластырыңыз, қажет болған жағдайда тұз қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салып, іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>

## Кешкі ас

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-31 Қатты қайнатылған жұмыртқалар қосылған ет орамасы	600 - 650 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 500 г тартылған сиыр еті, 3 қатты пісірілген жұмыртқа, 2 шымшым ұнтақталған қызыл бұрыш, 1 шымшым ақ бұрыш, 2 шымшым ұнтақталған күнзе, дәміне қарай тұз</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Тартылған етті шұңғыл тостағанға салыңыз, барлық дәмдеуіш пен тұзды қосып, жақсылап араластырыңыз. Тартылған етті тостағанның түбіне басып, бүкіл кесекті алып, түбіне күшпен басыңыз. Бұл тартылған етті иілімді ету үшін жасалады. Тартылған еттен диаметрі 15 см болатын бірдей жұқа котлет жасаңыз. Әр котлет ортасына қатты пісірілген жұмыртқаны салыңыз. Өткір жиектері бар сопақша фрикаделькалар жасап, оларға қызыл бұрыш себіңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Етті аударыңыз және оны қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-32 Оңай дайындалатын голубцы	700 - 800 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 300 г тауық бауыры, 140 г қырыққабат, 1 пияз, 50 г қайнатылған күріш, 1 стақан сорпа, 1 стақан су, 60 г қаймақ, 2 ас қасық қызанақ пастасы, 1 ас қасық ұн, тұз, дәміне қарай қара бұрыш, дастарханға ұсынуға көк шөптер</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қырыққабатты және аршылған пиязды шағын текшелерге бөліп тураңыз. Туралған көкөністерді және күрішті тартылған етке қосыңыз, тұз және бұрыш қосып, араластырыңыз. Тартылған еттен шағын сопақша фрикаделькалар жасаңыз да, оларды қалыпқа салып, сорпа құйыңыз, содан соң төменгі торға қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Қырыққабат орамаларын қаймақ тұздығына батырыңыз және оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз. Пісіргеннен кейін дастарханға қоймас бұрын, туралған көк шөп себіңіз. Тұздық дайындаңыз: Бөлек тостағанға қаймақты су және қызанақ пастасымен араластырып, ұн және дәміне қарай тұз бен бұрыш қосыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-33 Қызанақ тұздығындағы фрикаделькалар	300 - 350 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 220 г аралас тартылған ет, 2 тілім ақ нан, 1 жұмыртқа, 100 мл сүт, 1 орташа сәбіз, ½ пияз, 1 ас қасық қызанақ пастасы, 1 стақан кез келген сорпа, дәміне қарай тұз, қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қабықшасыз нанды сүтке батырыңыз, оны ақырын сығыңыз. Сәбіз бен пиязды аршып, оларды жұқа таяқшаларға кесіп, шұңғыл тостағанға салыңыз. Тартылған етті малынған нанмен және жұмыртқамен араластырыңыз. Дәміне қарай тұз және бұрыш қосыңыз. Шағын домалақ фрикаделькалар жасаңыз. Қызанақ пастасын сорпамен араластырыңыз және кішкене тұз қосыңыз. Фрикаделькаларды көкөністер салынған тостағанға салып, тұздық құйыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Етті аударыңыз және оны қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>
5-34 Қара өрік қосылған тауық аяқтары	300 - 350 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 2 тауық аяғы, 1 шағын сәбіз, ½ пияз, 80 - 90 г сүйексіз қара өрік, 1 стақан сорпа немесе су, 2 көк пияз үсті, дәміне қарай тұз</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Пияз бен сәбізді жуып, аршыңыз және оларды жұқалап тураңыз. Оларды сорпа тәрелкесіне жайыңыз. Тауық аяқтарына тұз сеуіп, туралған көкөністердің үстіне салыңыз. Үстіне қара өрік салып, сорпаны құйыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Тауық аяқтарын аударыңыз және оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз. Пісіргеннен кейін тағамға туралған көк пияз себіңіз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-35 Көкөністер қосылған пісірілген күркетауық	400 - 450 г	<b>Ингредиенттер</b> 200 г күркетауық сүбесі, ½ сәбіз, ½ шағын кәді, ½ пияз, 250 мл сорпа, дәміне қарай тұз, қарай бұрыш <b>Нұсқаулар</b> Барлық көкөністі жуыңыз, кәдіні дөңгелек етіп және сәбіз, пиязды орташа өлшемді тілімдерге тураңыз. Көкөністерді шұңғыл тостағанға салыңыз, үстіне туралған күркетауық етін салып, сорпа құйыңыз. Дәміне қарай тұз және бұрыш қосыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.
5-36 Пісірілген картоп	2 дана	<b>Ингредиенттер</b> 1 - 2 дана үлкен картоп (160 - 200 г) <b>Нұсқаулар</b> Аршылған картопты су қоспай шұңғыл емес тәрелкеге салыңыз да, оны тамаққа арналған пленкамен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын сары май, қаймақ, ірімшік немесе дәміне қарай басқа дәмдеуіштерді қосыңыз.
5-37 Рататуй	300 - 350 г	<b>Ингредиенттер</b> 2 шағын сәбіз, ½ кәді, 1 болгар бұрышы, 1 орташа пияз, 1 түйір сарымсақ, 2 ас қасық қызанақ пюресі, 150 мл көкөніс сорпасы, 2 шымшым құрғақ орегано, дәміне қарай тұз <b>Нұсқаулар</b> Көкөністерді жуып, тазалап, бір жағынан шамамен 1 см шағын текшелерге тураңыз. Сорпаны қызанақ пюресімен араластырыңыз, тұз және үгітілген сарымсақ түйірін қосыңыз. Барлық ингредиентті араластырыңыз. Көкөністерді керамикалық немесе шыны тостағанға салыңыз. Қызанақ тұздығын құйыңыз және қақпақпен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Пісіргеннен кейін дайын рататуйға кептірілген орегано себіңіз.

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-38 Бұрынғы орыс стилінде дайындалатын балық	500 - 600 г	<b>Ингредиенттер</b> 200 г көксерке немесе нәлім, ½ қызылша, 1 пияз, ½ сәбіз, 100 г қаймақ, 1 ас қасық қызанақ пастасы, 1 ас қасық ұн, 180 мл су, дәміне қарай тұз, қара бұрыш <b>Нұсқаулар</b> Пиязды, сәбізді және қызылшаны жуып, тазалап, орташа өлшемді таяқшаларға кесіңіз, содан кейін араластырыңыз. Дайындалған көкөністерді тостағанға салыңыз, су құйыңыз, тұз және қара бұрыш себіңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Балықтың сүйегін тазартып, оны шағын порция бөліктеріне бөліңіз. Тұздықты көкөністер қоспасы бар тостағанға қосыңыз, үстіне балықты жайыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз. Тұздық дайындаңыз: бөлек тостағанда қаймақ, қызанақ пастасы, ұнды араластырыңыз, кішкене тұз және бұрыш қосыңыз.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-39 Мәскеу стилінде дайындалатын балық	500 - 600 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 250 г ақ сақа сүбесі (нәлім немесе көксерке), 2 қайнатылған картоп, 4 шампиньон, 1 ас қасық өсімдік майы, 60 г ірімшік, 100 г қою қаймақ, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай тұз, бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Шампиньондарды мұқият жуыңыз, құрғатыңыз және тазалаңыз. Шампиньондарды шағын текшелерге тураңыз. Балықты шағын порция бөліктеріне бөліп, тәрелкеге салыңыз. Кішкене тұз бен бұрыш себіңіз, үстіне саңырауқұлақ бөліктері мен лавр жапырағын салып, өсімдік майын жағыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Пісіру кезінде ірімшікті ірі үккіштен өткізіңіз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Балыққа қаймақ құйып, айналасына қайнатылған картоп сақиналарын салып, ірімшік, бұрыш себіңіз де, қайтадан пешке салыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз.</p>
5-40 Қатырылған пицца	350 г	<p><b>Ингредиенттер</b> Қатырылған пицца — 350 г</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қатырылған пиццаны пергамент қағазы жабылған төменгі торға қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-41 Шпинат және жаңғақтар қосылған шошқа кесек еті	3 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 250 г сүйексіз шошқа кесек еті, 60 г балғын шпинат, 1 пияз, 40 г балқарағай жаңғағы, 2 ас қасық өсімдік майы, 1 тілім бидай наны, 1 түйір сарымсақ, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Пиязды тазалап, шағын текшелерге тураңыз. Шпинатты жуып, үлкен етіп тураңыз. Сарымсақты текшелерге тураңыз. Көкөністерді тостағанда араластырыңыз, 1 ас қасық өсімдік майын, тұз және бұрыш қосыңыз. Қысқа толқынды пешке 900 Вт қуатта 1 минутқа қойыңыз. Нанды шағын бөліктерге бөліп, оны балқарағай жаңғағымен бірге көкөністер салынған тостағанға салып, араластырыңыз. Пышақ жүзін пайдаланып, ет бөліктерін жұқа тілімдерге бөліңіз. Салманы еттің барлық бөлігіне жайып, орамдар жасап, оларды ағаш таяқшалармен бекітіңіз. Орамдарды тәрелкеге салыңыз, оларға қалған майды жағыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Оларды аударыңыз және қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-42 Күріш қосылған фрикаделькалар	8 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 200 г тартылған сиыр еті, 80 - 90 г жартылай дайын болғанға дейін қайнатылған күріш, 1 орташа пияз, 1 қызанақ, 1 жұмыртқа, 1 түйір сарымсақ, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қызанақ және пиязды шағын текшелерге кесіңіз, сарымсақты тураңыз. Дайындалған көкөністерді тартылған сиыр еті бар тостағанға салып, ішіне бір жұмыртқа жарыңыз. Тұз, бұрыш және күріш қосыңыз. Жақсылап араластырыңыз. Тартылған сиыр етінен қара өрік өлшеміндей шағын шарлар жасап, оларды жайпақ тәрелкеге салыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Оларды аударыңыз және қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз.</p>
5-43 Бал қосып қуырылған қой еті	450 - 500 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 500 г қой сүбесі, 2 ас қасық бал, 1 ас қасық қыша, 3 кориандр сабағы, 2 балдыркөк сабағы, 1 пияз, 2 түйір сарымсақ, 2 ас қасық көкөніс майы</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қойдың етін сіңірлер мен қабықтарды алу үшін тазалап, шағын бөліктерге бөліңіз. Үлкен тостағанда балды қыша және сары маймен араластырыңыз. Қой етінің бөліктерін маринадқа салып, қақпағын жауып, 1 сағатқа қалдырыңыз. Пияз бен сарымсақты текшелеп турап, қой еті бар тостағанға салып, қақпақпен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын туралған балдыркөк және кориандр себіңіз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-44 Тауық еті мен ірімшіктен жасалған орамалар	2 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 1 тазартылған тауық сүбесі, 40 г құрғақ ақ нан, 1 жұмыртқа, 50 г жұмсақ ірімшік (бри немесе камамбер), 2 көк пияз үсті, дәміне қарай тұз, қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Пиязды текшелеп турап, ірімшігі бар тостағанға салыңыз да, қасықпен езіңіз, дәміне қарай тұз және бұрыш қосыңыз. Тауық сүбесін ұзынынан жұқа тілімдерге тураңыз, пышақпен немесе балғамен аздап жұмсартыңыз. Салманы еттің ортасына салып, орама жасаңыз. Нанды жұқа таяқшаларға кесіңіз. Жұмыртқаны аздап шайқаңыз. Орамаларды жұмыртқаға батырып, кепкен нан ұнтағына аунатыңыз да, ағаш таяқшалармен бекітіңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>
5-45 Қызанақ тұздығындағы тауық еті	500 - 600 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 1 шағын тауық еті, 6 шампиньон, өз шырынындағы 200 г қызанақ, 1 стақан сорпа, 1 пияз, 100 г дәнексіз зәйтүн, ½ шай қасық карри ұнтағы, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Тауық етін жуып, кептіріп, оны 8 - 10 порция мөлшерінде бөліктерге кесіңіз. Қанаттарының жиектері мен жұқа бөліктерін тастамаңыз. Оларды тауық сорпасын дайындау үшін пайдалануға болады. Пиязды шағын текшелерге кесіңіз. Зәйтүндерді ірілеп турап, тостағанға салыңыз да, қызанақ және дәмдеуіштермен бірге шанышқымен ұсақтаңыз. Сорпаға құйыңыз. Тауықты қуыруға арналған тұтқалы табаға салып, қызанақ соусын қосыңыз да, қақпақпен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Пісіру кезінде шампиньондарды жұқа тілімдерге кесіңіз. Дыбыстық сигнал шыққанда, шампиньондарды пештен шығарып, тауық етінің үстіне қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз.</p>

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

### Ерекше жағдайлар

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-46 Жентектелген бұрыштар	200 - 250 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 1 болгар бұрышы, 150 г аралас тартылған ет, 60 г жартылай пісірілген күріш, 1 стақан су, 1 ½ ас қасық қызанақ пастасы, 1 ас қасық ұн, тұз, дәміне қарай бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Салма дайындаңыз: тостағанда тартылған етті пісірілген күрішпен араластырыңыз, дәміне қарай бұрыш пен тұз қосыңыз. Болгар бұрышының сабақтарын кесіңіз, дәндері мен бөліктерін тазалаңыз. Әрбір бұрышты тартылған етпен толтырып, оны дұрыстап тығыздаңыз. Бұрыштарды шұңғыл тостағанға салып, қақпақпен жабыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал бергенде, оларды шығарып, тұздықты бұрыштардың үстіне құйыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз. Тұздық дайындаңыз: ұнды қызанақ пастасы және сумен араластырып, дәміне қарай тұз және қара бұрыш қосыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-47 Расстегай балық бөліші	4 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 180 г ақ сақа сүбесі, 200 г ашытқысы жоқ қатпарлы қамыр, 3 орташа өлшемді шампиньон, 100 г пісірілген ұзын түйіршікті күріш, 1 пияз, 1 жұмыртқа сарыуызы, 2 көк пияздың жоғарғы бөлігі, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Пияздарды және саңырауқұлақтарды тазалаңыз, оларды жұқалай текшелеп туралап, шұңғыл тостағанға салыңыз. Пісірілген күрішті, кішкентай бөліктерге кесілген балықты, текшелеп туралған көк пияздарды қосып, дәміне қарай тұз бен бұрыш қосыңыз. Қамырды тең бөліктерге бөліңіз. Әр бөліктен әр жағы 12 см болатындай шаршы жасап, бетіне салма салыңыз. Ортасын ашық қалдырып, шеттерін берік қысып, қамырдан қайықша пішіндес бөліштер жасаңыз. Жұмыртқа сарыуызын расстегай бетіне жағып, әр бөліштің ортасына 1 шай қасық су құйыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берілгенде, оларды шығарып аударып қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз.</p>
5-48 Қуырылған ірімшік	200 - 250 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 160 г сулугуни ірімшігі, 60 г кепкен нан ұнтағы, 1 жұмыртқа</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Ірімшікті әр жағы 2 -2,5 см болатындай кішкентай текше етіп тураңыз. Жұмыртқаны сәл көпіршітіп, алынған қоспаға ірімшік текшелерін аунатыңыз. Ірімшікті кепкен нан ұнтағына аунатып, қадамдарды қайталаңыз (ірімшік текшелерін жұмыртқаға және кепкен нан ұнтағына қайта аунатыңыз, саусақтарыңызбен жалпайтыңыз.) Кепкен нан ұнтағына аунатылған ірімшікті жайпақ тәрелкеге салып, төменгі торға қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-49 Тауық кәуабы	200 - 250 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 250 г тауық еті, 1 ас қасық майонез, 1 лимон, 2 шай қасық күнжіт, 2 шымшым ұнтақталған кориандр, 1 түйір сарымсақ</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Тауық етін әр жағы 2 см болатындай етіп кішкентай бөліктерге тураңыз. Маринад дайындаңыз: сорпа құятын тәрелкеге майонез, туралған сарымсақ, лимон шырыны және цедраны салып араластырыңыз. Етті маринадпен араластырып, 1 сағатқа салқын жерде қалдырыңыз. Ет бөліктерін ағаш таяқшаларға шаншып, оларға күнжіт себіңіз. Кәуап салынған тәрелкені жоғарғы торға қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>
5-50 Боярша ет	200 - 250 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 250 г шошқа төсі, 3 шампиньон, 2 ас қасық майонез, 2 жөбір сабағы, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Шампиньондарды жуып, кептіріп, аршып, жұқа тілімдерге бөліңіз. Шошқа етін жуып, тұз бен бұрышты жағып тәрелкеге салыңыз. Жөбір жапырақтарын себіңіз. Саңырауқұлақ тілімдерін еттің үстіне қойыңыз. Майонезді саңырауқұлақтарға жағып, қасықпен жайыңыз. Етті қақпақты жауып пісіріңіз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дыбыстық сигнал берілгенде, оларды шығарып аударып қойыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін қайта басыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-51 Ақсерке қосылған кулебяка	450 - 500 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 230 г ақсерке сүбесі, 200 г ашытқан қатпарлы қамыр, 1 пияз, 2 жұмыртқа, 3 көк пияз бастары, тұз, дәміне қарай бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Түйінді пиязды аршып кішкентай текше болатындай етіп тураңыз. Көк пиязды тураңыз. 1 жұмыртқаны бітеу пісіріп, оны текшелеп тураңыз. Балықты кішкентай текше болатындай етіп тураңыз. Туралған пияздарды, балықты және жұмыртқаны тостағанның ішіне салып араластырыңыз, тұз және дәміне қарай бұрыш қосыңыз. Қамырды ерітіп кең төртбұрыш етіп жайыңыз. Дайындалған салманы ортасына салыңыз. Салманы жабу үшін қамырдың шеттерін көтеріңіз, содан кейін пісіру кезінде шырын сыртқа ағып кетпеуі үшін шеттерін мұқият қысыңыз. Біріктірілген жері төмен қарайтындай етіп кулебяканы аударыңыз, қалған жұмыртқаны бетіне жағыңыз. Тәрелкеге қойыңыз. Оларды төменгі торға орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>
5-52 Ақсерке кәуабы	300 - 350 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 300 г ақсерке сүбесі, ½ лимон, 2 ас қасық туралған балдыркөк, 1 ас қасық тазартылған зәйтүн майы, дәміне қарай тұз</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Балықты үлкен текше болатындай етіп тураңыз, шұңғыл тостағанға салыңыз. Балдыркөк пен лимон шырынын қосыңыз. Дәміне қарай тұз қосып араластырыңыз, маринадтау үшін 20 минутқа қалдырыңыз. Балықтың бірнеше бөлігін ағаш таяқшаларға шаншып, бетіне зәйтүн майын жағыңыз. Кәуаптарды кең тәрелкеге салыңыз. Оны жоғарғы торға орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға лимонмен ұсыныңыз.</p>

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-53 Көкөністер қосып пісірілген бақтақ	300 - 400 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 1 шағын бақтақ сүбесі, ½ сәбіз (алдын ала пісірілген), 2 насыбайгүл сабағы, 1 шағын пияз, 1 шағын қызанақ, ½ лимон, 1 ас қасық өсімдік майы, тұз, дәміне қарай қара бұрыш</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Сәбізді жұқа етіп тілімдеп, пияз бен қызанақты сақиналап тураңыз. Насыбайгүл жапырақтарын бөліңіз. Бақтақ сүбесін тәрелкеге салып, тұз бен бұрыш қосыңыз. Дайындалған көкөністерді үстіне қойыңыз (ең алдымен барлық сәбіз, содан соң қалған ингредиенттердің кезектескен қабаттары.) Балықты майға малып, бетіне үгілген лимон цедрасын себіңіз. Оларды төменгі торға орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>
5-54 Печенье	9 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 200 г ұн, 50 г қант ұнтағы, 60 г кептірілген өрік бөліктері, ½ шай қасық аспаздық май, 2 ас қасық су, 70 г сары май</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Кептірілген өрік бөліктерін жақсылап жуып, оларды жылы суға 20 минутқа салып, содан соң жұқа етіп тілімдеңіз. Ұнды аспаздық маймен бірге үлкен тостағанның ішіне елеңіз, сары майды қосып, үгінділер пайда болғанша қоспаны саусақтарыңызбен ысқылаңыз. Қант ұнтағын қосып, 2 ас қасық салқын суды тостағанның ішіне құйып, қамырды біртекті болғанша араластырыңыз. Кептірілген өрік бөліктерін қосып, қайта араластырыңыз. Шағын қара өрік көлеміндей шарлар жасаңыз. Оларды шанышқымен басыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>

Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-55 Мүкжидек сусыны	250 - 300 г	<p><b>Ингредиенттер</b> Қатырылған мүкжидек - 50 г, қант - 35 г, су - 200 мл</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Барлық ингредиентті тостағанның ішіне салыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дайын болған соң суытып сүзіңіз.</p>
5-56 Лимон қосылған бәліш	450 - 550 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 200 г ұн, 60 г сары май, 60 г қант, 1 жұмыртқа, 2 жұмыртқа сарыуызы, 180 мл қойылтылған сүт, 1 лимон, 1 шай қасық аспаздық май</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Майды қантпен бірге шұңғыл тостағанның ішіне салып, қысқа толқынды пешке 1 минутқа 600 Ватт қуатта ерітіңіз. Еленген ұн, бір жұмыртқа және аспаздық май қосып, қамыр біртекті болғанша илеңіз, 10 минутқа қақпағын жауып қойыңыз. Қойылтылған сүт пен лимон шырыны және цедраны көпіршітіп, екі жұмыртқа сарыуызын қосып араластырыңыз. Қамырды қалыпқа жайыңыз, бетіне лимон кремін мұқият жағыңыз. Оларды төменгі торға орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дастарханға ұсынбас бұрын тоңазытқышта суытып, бөліктеп кесіңіз.</p>



Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-57 Профитроль	7 дана	<p><b>Ингредиенттер</b> 1 шыны аяқ ұн, 125 г май, 1 шыны аяқ су, 4 жұмыртқа, 100 г қара шоколад, көпіршітілген кілегей</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Шыны аяқта май мен суды араластырып, 3 минутқа 600 Ватт қуатта пешке қойыңыз. Суығанша күтіп, ұн қосып жақсылап араластырыңыз. Араластырып тұрып, жұмыртқаларды бірінен соң бірін қосыңыз. Кондитерлік қапқа салып қамырды бөлу үшін қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа шеңбер қылып сығыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз. Дайын болғанда профитрольдерді кесіп суытатын торда сууы үшін қалдырыңыз. Көпіршітілген кілегеймен толтырыңыз. Ыстық шоколадпен дастарханға ұсыныңыз.</p>
5-58 Алма бәліші	300 - 400 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 4 шағын жасыл алма, 200 г ұн, 60 г сары май, ½ шай қасық қопсытқыш, 80 г қант ұнтағы, 2 - 3 ас қасық су</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Алмаларды жуып, өзегін алып тастап, жұқа бөліктерге бөліңіз. Ұнды қопсытқышпен бірге елеңіз, сары майды қосып, үгінділер пайда болғанша қоспаны саусақтарыңызбен ысқылаңыз. 2 - 3 ас қасық су мен қант ұнтағының бір бөлігін қосып қамыр біртекті болғанша илеңіз, содан кейін оны тамаққа арналған пленкамен жауып, тоңазытқышта 1 сағатқа қалдырыңыз. Қамырды тоңазытқыштан шығарып, қалыңдығы 2 мм болатын жұқа төртбұрыш етіп жайып, қалыпқа салыңыз. Алма бөліктерін қалған қант ұнтағымен араластырып, қамырдың бетіне орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>


Код/тағам	Порция мөлшері	Ұсыныстар
5-59 Грек жаңғағы қосылған бәліш	700 - 800 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 300 г ұн, 100 г сары май, 200 г грек жаңғағы, 100 г қант, 125 г бал, 1 лимон, 2 жұмыртқа</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Қамыр дайындаңыз: 250 г ұнды тостағанға салып үгінділер пайда болғанша саусақтарыңызбен ысқылаңыз. 1 жұмыртқа мен қант қосып біртекті қамыр илеңіз. Бетін сүлгімен жауып, тоңазытқышта 30 минутқа қалдырыңыз. Салмасын дайындаңыз: грек жаңғағын текшелеп кесіңіз. Тостағанда бал, лимон шырыны мен цедрасын араластырыңыз, қалған жұмыртқа, ұн және грек жаңғағын қосыңыз. Қамырды пісірмеге арналған қалыпқа салып, толтырмасын бетіне жайыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>
5-60 Құлпынай орамасы	600 - 700 г	<p><b>Ингредиенттер</b> 200 - 250 г құлпынай, 240 - 260 г ұн, 50 г сары май, 80 г қант, 30 мл тазартылған зәйтүн майы, 1 шай қасық құрғақ ашытқы, 120 мл сүт, 2 ас қасық крахмал</p> <p><b>Нұсқаулар</b> Ұнның жартысын тостағанға елеп, жылы сүт, 2 ас қасық қант пен ашытқы қосыңыз. Қамырды илеп, көтерілуі үшін 1 сағатқа қалдырыңыз. Қалған ұнды, сары майды және өсімдік майының жарты бөлігін қосыңыз. Қамырды біртекті болғанша илеңіз. Бетін сүлгімен жауып 1 сағатқа қалдырыңыз. Құлпынайларды жақсылап жуып, жапырақты сабақшаларын алып тастап, кішкене бөліктерге бөліңіз. Құлпынайларды тостағанға салып, крахмал мен қант салып араластырыңыз. Қабаты 0,5 см болатындай етіп қамырды жайыңыз, құлпынайларды бетіне салыңыз. Орама жасап, біріктірілген жері төмен қарайтындай етіп тәрелкеге салыңыз, бетіне өсімдік майын жағыңыз. Тәрелкені төменгі торға орналастырыңыз. Оларды қысқа толқынды пешке салыңыз. Іске қосу түймесін басыңыз.</p>

# Қысқа толқынды пешті пайдалану


## Грильде пісіру

Қысқа толқындарды пайдаланбай гриль режимінде тағамды жылытуға және қызартып пісіруге болады.

- Қысқа толқынды пештегі ыдыстарды әрдайым пешке арналған қолғаппен ұстаңыз, себебі олар өте ыстық болады.
- Жоғарғы торда пісіру және гриль режимінде пісіру жақсы нәтижелерге әкеледі.



1. Есікті ашып, тағамды торға қойыңыз.




2. Гриль түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:



- Гриль режимінде температураны орнату мүмкін емес.



3. Көп функциялы таңдау тетігі түймесін бұрау арқылы гриль режимінде пісіру уақытын орнатыңыз.


- Гриль режимінде максималды пісіру уақыты — 60 минут.

4. Старт/+30с (Іске қосу/+30с) түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Гриль режимінде пісіру басталады. Ол аяқталғанда.

- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
- 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
- 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

## Керек-жарақтарды таңдау



Дәстүрлі конвекциямен пісіру үшін ыдыс қажет. Дегенмен әдеттегі қысқа толқынды пеште қолданатын ыдысты ғана пайдаланған жөн.

Қысқа толқынды пештерге арналған контейнерлер әдетте конвекциямен пісіру үшін жарамайды; пластик контейнерлерді, тәрелкелерді, қағаз тостағандарды, сүлгілерді және т.б. қолданбаңыз.

Біріктірілген пісіру режимін (қысқа толқын және гриль немесе конвекция) таңдағыңыз келсе, тек қысқа толқынды пештерге арналған және пешке төзімді ыдыстарды пайдаланыңыз.

### ⓘ ЕСКЕРТПЕ

Сәйкес ыдыс және ас үй жабдықтары туралы қосымша мәліметтерді алу үшін **Ыдыстарды пайдалану нұсқаулығы (Ыдыстарды пайдалану нұсқаулығы) тақырыбын** келесі беттен қараңыз: 51.

## Қысқа толқындармен жылыту және гриль режимін біріктіру

Сонымен қоса бір уақытта тағамды жылдам және қызартып пісіру үшін қысқа толқынмен жылыту және гриль режимін біріктіруге болады.

### ЕСКЕРТПЕ

ӘРДАЙЫМ қысқа толқынды пештерге арналған және пешке төзімді ыдысты пайдаланыңыз. Шыны немесе керамикалық тәрелкелер өте қолайлы, өйткені олар қысқа толқындардың тағамға біркелкі енуіне мүмкіндік береді.

### ЕСКЕРТПЕ

Қысқа толқынды пештегі ыдыстарды ӘРДАЙЫМ пешке арналған қолғаппен ұстаңыз, себебі олар өте ыстық болады.

Жоғарғы торда пісіруді және гриль режимінде пісіруді жақсартуға болады.


Есікті ашыңыз. Тағамды пісірілетін тағам түріне ең қолайлы болып табылатын торға қойыңыз. Торды айналмалы табақтың үстіне қойыңыз. Есікті жабыңыз.



1. **Комби** түймесін 3 секунд басыңыз.


**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:

Cb - 1 (Қысқа толқын + гриль)



2. Дисплейде Cb-1 көрсеткіші көрсетілгеннен кейін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:

 (Қысқа толқын және гриль комби режимі)

3. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіру уақытын орнатыңыз.
- Максималды пісіру уақыты — 60 минут. Сол кезде пісіру уақытын орнату үшін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.
  - Гриль режимінде температураны орнату мүмкін емес.
4. Сәйкес шығыс қуаты (600, 450, 300, 180, 100 Вт) көрсетілгенше, **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы сәйкес қуат деңгейін таңдаңыз.
5. **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.
- Нәтиже:** Біріктіріп пісіру басталады. Ол аяқталғанда.
- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
  - 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
  - 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

# Қысқа толқынды пешті пайдалану

## Қысқа толқындарды және конвекцияны біріктіру

Біріктіріп пісіру кезінде қысқа толқын энергиясы да, конвекциямен жылыту да пайдаланылады. Алдын ала жылыту қажет емес, өйткені қысқа толқын энергиясы бірден қолжетімді болады.

Біріктіріп пісіру режимінде көптеген тағамдарды пісіруге болады, атап айтқанда:

- қуырылған ет және құс еті;
- бәліштер мен торттар;
- жұмыртқадан және ірімшіктен жасалған тағамдар.


### ЕСКЕРТПЕ

ӘРДАЙЫМ қысқа толқынды пештерге арналған және пешке төзімді ыдысты пайдаланыңыз. Шыны немесе керамикалық тәрелкелер өте қолайлы, өйткені олар қысқа толқындардың тағамға біркелкі енуіне мүмкіндік береді.

### ЕСКЕРТПЕ

Қысқа толқынды пештегі ыдыстарды ӘРДАЙЫМ пешке арналған қолғаппен ұстаңыз, себебі олар өте ыстық болады. Төменгі тормен пісіруді және қызартып пісіруді жақсартуға болады.

Есікті ашыңыз. Тағамды айналмалы табаққа немесе кейін айналмалы табаққа қойылатын төменгі торға қойыңыз. Есікті жабыңыз. Қыздырғыш элементі көлденең күйде болуы қажет.



2. Дисплейде Cb-2 көрсеткіші көрсетілгенше (Қысқа толқын + Конвекция) **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұраңыз, содан кейін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:



(Қысқа толқын және конвекция комби режимі)

180° C (Температура)

3. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы тиісті температураны таңдаңыз (Температура: 40 - 200 °C). Сол кезде пісіру уақытын орнату үшін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.

1




Гриль  
Комби(3сек)

1. **Комби** түймесін 3 секунд басыңыз.

**Нәтиже:** Келесі көрсеткіштер көрсетіледі:

Cb - 2 (Қысқа толқын + конвекция)



4. **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы пісіру уақытын орнатыңыз.
- Максималды пісіру уақыты — 60 минут. Сол кезде қуат деңгейін орнату үшін **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін басыңыз.
5. Сәйкес шығыс қуаты (600, 450, 300, 180, 100 Вт) көрсетілгенше, **Көп функциялы таңдау тетігі** түймесін бұрау арқылы сәйкес қуат деңгейін таңдаңыз.
6. **Старт/+30c (Іске қосу/+30c)** түймесін басыңыз.

**Нәтиже:** Біріктіріп пісіру басталады. Қысқа толқынды пеш қажетті температураға дейін жылиды және пісіру уақыты аяқталғанша қысқа толқынмен пісіру жалғасады. Ол аяқталғанда.

- 1) Дисплейде «0» көрсетіледі.
- 2) Қысқа толқынды пеш 4 рет дыбыстық сигнал береді.
- 3) Аяқталғаны туралы еске салу сигналы 3 рет (минутына бір рет) дыбыстық сигнал береді.

## Орнату


**Конвекция** түймесін және **Домашние рецепты (Авто пісіру)** түймесін бір уақытта басу арқылы қысқа толқынды пешті орнатуға болады.

	<b>Конвекция</b> Блюда на пару (3сек)
	<b>Воздушный фритюр</b> 3D Разморозка (3сек)
	<b>Гриль</b> Комби (3сек)
	<b>СВЧ</b> Устранение запахов (3сек)
	<b>Домашние рецепты</b> Поворотный стол (3сек)

Дисплей	Функция
SE-1	Wi-Fi қосылымын қосуға немесе өшіруге болады.
SE-2	Сағат уақытын орнатуға болады.
SE-3	12 сағ. немесе 24 сағ. уақыт пішімін таңдауға болады.
SE-4	Дыбысты қосуға немесе өшіруге болады.

## Блокировка управления (Балалардан бұғаттау) мүмкіндіктерін пайдалану

Қысқа толқынды пешке балалар немесе онымен таныс емес кез келген адам оны кездейсоқ іске қоса алмайтындай етіп қысқа толқынды пешті «құлыптауға» мүмкіндік беретін арнайы балалардан қорғау бағдарламасы орнатылған.



1. **Блокировка управления (Балалардан бұғаттау)** түймесін 3 секунд басыңыз.  
**Нәтиже:**
  - Қысқа толқынды пеш құлыпталған (ешбір функция таңдалмайды).
  - Дисплейде «L» әрпі көрсетіледі.
2. Қысқа толқынды пештің құлпын ашу үшін **Блокировка управления (Балалардан бұғаттау)** түймесін 3 секунд басыңыз.  
**Нәтиже:** Қысқа толқынды пешті қалыпты түрде пайдалануға болады.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

### Поворотный стол (Айналмалы табақ) қосу/өшіру функцияларын пайдалану

**Поворотный стол (Айналмалы табақ)** түймесі айналмалы табақтың айналуын тоқтату арқылы бүкіл қысқа толқынды пешті толтыратын үлкен тәрелкелерді пайдалануға мүмкіндік береді (тек қолмен пісіру режимі).

#### ЕСКЕРТПЕ

Бұл жағдайда пісіру біркелкі болмағандықтан нәтижелер қанағаттанарлық болмайды. Пісіру процесінің ортасында тәрелкені қолмен айналдыруға кеңес береміз.

#### ЕСКЕРТУ

Қысқа толқынды пеште тағам салынбаған айналмалы табақты ешқашан пайдаланбаңыз.

**Себебі:** Бұл өртке немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.




Домашние рецепты  
Поворотный стол (3сек)

1. Қысқа толқын, гриль, конвекция, алдын ала жылыту және комби функцияларын орнату кезінде **Поворотный стол (Айналмалы табақ)** түймесін 3 секунд басыңыз.

- Ол алдын ала бағдарламаланған функциямен немесе Қысқа толқын, Гриль, Конвекция, алдын ала жылыту және Комби түймесін баспағанда қолжетімді болмайды.

**Нәтиже:** Дисплейде

**Поворотный стол (Айналмалы табақ) қосу/өшіру** таңбасы пайда болады, айналмалы табақ пісіру кезінде айналмайды.

(Поворотный стол  
 (Айналмалы табақ)  
өшірулі режимі)

2. Айналмалы табақты қайта қосу үшін **Поворотный стол (Айналмалы табақ)** түймесін қайта басыңыз.

**Нәтиже:** Дисплейде **Поворотный стол (Айналмалы табақ) қосу/өшіру** таңбасы жоғалады, айналмалы табақ айналады.

#### ЕСКЕРТПЕ

Бұл **Поворотный стол (Айналмалы табақ)** түймесі тек пісіру кезінде ғана қолжетімді.

### Устранение запахов (Дезодорацияны) қолдану

Бұл функцияны хош иісті тағамды пісіргеннен кейін немесе қысқа толқынды пештің ішінде біраз түтін болған кезде пайдаланыңыз.

Алдымен қысқа толқынды пештің ішін тазалаңыз.

1



СВЧ

Устранение запахов (3сек)

#### 1. Устранение запахов (Иссіздендіру)

түймесін 3 секунд басып, содан кейін **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесін басыңыз.

- Ол аяқталған кезде қысқа толқынды пеш дыбыстық сигнал береді.

Эко




Старт/+30с  
(3сек)

#### ЕСКЕРТПЕ


- Иссіздендіру уақыты 5 минут деп көрсетілген. **Старт/+30с (Іске қосу/+30с)** түймесі әр басылғанда, ол 30 секундқа артады, ал **Көп функциялы таңдау тетігін** әр бұрағанда, ол 10 секундқа артады және азаяды.
- Максималды дезодорация уақыты — 15 минут.

## Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты пайдалану


Бұл қытырлақ қабықша жасауға арналған табақпен гриль режимінде тағамның тек үстіңгі жағын қызартып қана қоймай, сонымен қатар қытырлақ қабықша жасауға арналған табақтың жоғары температурасына байланысты тағамның астыңғы жағын қытырлақ етуге және қызартуға болады. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақта дайындауға болатын бірнеше тағамды кестеден табуға болады (келесі бетті қараңыз). Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты бекон, жұмыртқа, шұжық және т.б. үшін де пайдалануға болады.




1. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты тура айналмалы табақтың үстіне қойып, кестедегі уақыт пен нұсқауларды орындау арқылы оны ең жоғары қысқа толқын-гриль-тіркесімімен [600 Вт + гриль] алдын ала қыздырыңыз.
2. Бекон және жұмыртқа сияқты тағамды пісіріп жатсаңыз, оны жақсылап қызарту үшін табаққа май жағыңыз.



3. Тағамды қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа салыңыз.



4. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қысқа толқынды пештегі металл торға (немесе айналмалы табақ) қойыңыз.



5. Тиісті пісіру уақыты мен қуатты таңдаңыз. (Бүйір жақтағы кестені қараңыз)

### ⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты алу үшін әрқашан пеш қолғаптарын пайдаланыңыз, себебі ол өте ыстық болып кетеді.
- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа ыстыққа төзімді емес заттарды қоймаңыз.
- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты ешқашан айналмалы табағы жоқ қысқа толқынды пешке қоймаңыз.
- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға болмайтынын ескеріңіз.
- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақтың пеш ортасында екеніне көз жеткізіңіз.
- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты ішін бос күйде пайдаланбаңыз.

### 📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақтың сызаттарға төзімді емес тефлон қабатымен қапталғанын ескеріңіз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақтағы тағамды кесу үшін пышақ сияқты өткір заттарды пайдаланбаңыз.
- Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты жылы сумен және жуғыш затпен тазалап, таза сумен шайыңыз.
- Тазалау щеткасын немесе қатты губканы пайдаланбаңыз, әйтпесе үстіңгі қабаты зақымдалады.

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

### Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қолдану бойынша нұсқаулық

Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты тікелей айналмалы табақта алдын ала қыздыруды ұсынамыз.

Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты 5 минут бойы 600 Вт + гриль функциясымен алдын ала қыздырыңыз және кестедегі уақыт пен нұсқауларды орындаңыз.

Тағам	Мөлшер	Жылыту уақыты (мин.)	Пісіру режимі	Пісіру уақыты (мин.)
Бекон	4 - 6 тілім	3 - 4	600 Вт + 200 °С	7 - 9
	<b>Нұсқаулар</b> Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырыңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа тілімдерді тізіп қойыңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты жоғарғы торға қойыңыз.			
Грильде пісірілген қызанақтар	200 г	3 - 4	300 Вт + гриль	6 - 7
	<b>Нұсқаулар</b> Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырыңыз. Қызанақтарды екі бөлікке бөліңіз. Үстіне сәл ірімшік салыңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа шеңбер қылып орналастырып жоғарғы торға қойыңыз.			
Омлет	300 г	3 - 4	450 Вт + гриль	6 - 8
	<b>Нұсқаулар</b> 3 жұмыртқаны көпіршітіп 2 ас қасық сүт, шөптер мен дәмдеуіштер қосыңыз. Бір қызанақты текшелеп тураңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырып қызанақ бөліктерін табаққа салып, көпіршітілген жұмыртқаларды және 50 гр үккіштен өткізілген ірімшікті біркелкі қосыңыз. Табақты жоғарғы торға қойыңыз.			
Грильде пісірілген көкөністер	250 г	3 - 4	450 Вт + гриль	7 - 8
	<b>Нұсқаулар</b> Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырып бетін 1 ас қасық маймен сылаңыз. Бұрыш, пияз бөліктері, цукини тілімдері және саңырауқұлақтар сияқты жаңа туралған көкөністерді табаққа салыңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты жоғарғы торға қойыңыз.			

Тағам	Мөлшер	Жылыту уақыты (мин.)	Пісіру режимі	Пісіру уақыты (мин.)
Ішінде қоспасы бар мұздатылған мини спринг роллдар	250 г	2 - 3	1-кезең : 300 Вт + 200°С 2-кезең : Тек гриль	1-кезең : 6 - 7 2-кезең : 3 - 4
	<b>Нұсқаулар</b> Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырыңыз. Спринг роллдарды табаққа біркелкі жайыңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты жоғарғы торға қойыңыз.			
Қатырылған пицца	300 - 400 гр	4 - 5	600 Вт + гриль	9 - 10
	<b>Нұсқаулар</b> Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырыңыз. Қатырылған пиццаны қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа қойыңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты жоғарғы торға қойыңыз.			
Мұздатылған батон	250 г	3 - 4	300 Вт + 200°С	10 - 12
	<b>Нұсқаулар</b> Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырыңыз. Қоспасы бар 4 мұздатылған батонды салыңыз. (мысалы көкөністер, ветчина, қызанақ тұздығы және ірімшік). Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты жоғарғы торға қойыңыз.			
Тауық наггеттері (мұздатылған)	250 г	4	600 Вт + гриль	8 - 10
	<b>Нұсқаулар</b> Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты қыздырыңыз. Тауық наггеттерін қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа салыңыз. Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақты жоғарғы торға қойыңыз.			



## Таза буға пісіру бойынша нұсқаулық

Таза буқазан буға пісіру принципіне негізделген және Samsung қысқа толқынды пешінде жылдам пісіруге арналған.

Бұл құрал күрішті, макарон өнімдерін, көкөністерді және т.б. рекордтық уақытта пісіруге (тағам құнарлықтарын сақтай отырып) өте ыңғайлы.


Қысқа толқынды таза буқазан жинағы 3 бұйымнан тұрады:



Табақ



Алып-салмалы науа



Қақпақ

Барлық бөлшек -10 °C және 130 °C температураға төзімді.

Тоңазытқышта сақтауға жарамды. Сондай-ақ бөлек немесе бірге пайдалануға болады.

### Пайдалану шарттары:

#### ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Пайдалануға болмайтын жағдайлар:

- Құрамында қант немесе май мөлшері жоғары тағамдарды пісіру үшін.
- Грильмен немесе айналмалы қыздыру функциясымен не ас пісіру панелінде.

#### 📖 ЕСКЕРТПЕ

- Бірінші қолданар алдында, барлық бөлшекті сабынды сумен жақсылап жуыңыз.
- Пісіру уақытын білу үшін келесі беттегі кестедегі нұсқауларды қараңыз.

### Техникалық қызмет көрсету:

- Буқазанды ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға болады.
- Қолмен жуу кезінде, ыстық су мен ыдыс жууға арналған сұйықтықты пайдаланыңыз. Абразивті төсемдерді пайдаланбаңыз.
- Кейбір тағамдар (мысалы, қызанақ) пластиктің түсін өзгертуі мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай және өндірістік ақау емес.

### Еріту:

Мұздатылған тағамды қақпағы жоқ бу ыдысына салыңыз. Сұйықтық кәстрөлдің түбінде қалады және тағамға зиян тигізбейді.

### Пісіру:

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Пісіру уақыты (мин.)	Қолдану
Жер алмұрттары	300 г (1 - 2 дана)	900	5 - 6	Алынбалы-салынбалы науасы бар тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Жер алмұрттарын сумен шайып, тазалаңыз. Тостағанға 150 мл су құйып, оған науаны салыңыз. Жер алмұрттарын науаға салыңыз. 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.			
Брокколи	300 г	1-қадам : 900 2-қадам : 300	3 ½ - 4 2 - 2 ½	Алынбалы-салынбалы науасы бар тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Брокколиді жуғаннан кейін, салмағын өлшеңіз. Ұқсас мөлшерде кесу. (ені 3 см, ұзындығы 4 см, биіктігі 2 см) Тостағанға 150 мл су құйып, оған науаны салыңыз. Брокколиді алып-салмалы науаға жақсылап (сабағын төмен қаратып) жайыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Қатырылған көкөністер	300 г	1-қадам : 600 2-қадам : 300	6 - 6 ½ 3 - 3 ½	Алынбалы-салынбалы науасы бар тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Қатырылған көкөністің салмағын өлшеңіз. Тостағанға 150 мл су құйып, оған науаны салыңыз. Қатырылған көкөністі алып-салмалы науаға жақсылап жайыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Күріш	250 г	900	15 - 18	Тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Күрішті булауға арналған тостағанға салыңыз. 500 мл салқын су құйыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін ақ күрішті 5 минут, қоңыр күрішті 10 минут қоя тұрыңыз.			

## Қысқа толқынды пешті пайдалану

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Пісіру уақыты (мин.)	Қолдану
Аршылған картоптар	300 г	1-қадам : 450 2-қадам : 300	5 ½ - 6 6 - 6 ½	Алынбалы-салынбалы науасы бар тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Картопты шайып, тазалаңыз. Қабығын аршу және бірдей өлшемде турау. (әрқайсысы 28 - 30 г) Тостағанға 150 мл су құйып, науаны енгізіңіз. Алып-салмалы науаға картопты біркелкі таратып салыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Бұқтырылған ет (салқындатылған)	400 г	600	5 ½ - 6 ½	Тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Бұқтырылған етті булауға арналған тостағанға салыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Қоя тұру алдында жақсылап араластырыңыз. Пісіргеннен кейін 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.			
Сорпа (салқындатылған)	400 г	900	3 - 4	Тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Бұқтырылған етті булауға арналған тостағанға салыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Қоя тұру алдында жақсылап араластырыңыз. Пісіргеннен кейін 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.			
Қатырылған сорпа	400 г	900	8 - 10	Тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Қатырылған сорпаны булауға арналған тостағанға салыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Қоя тұру алдында жақсылап араластырыңыз. Пісіргеннен кейін 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.			
Тосап салмасы бар қатырылған ашытқы қамыры	150 г	600	1 ½ - 2 ½	Тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Салмасы салынған қамыр үстін салқын сумен дымқылдаңыз. 1-2 қатырылған қамырды булауға арналған тостағанға қатарластырып қойып шығыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.			

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Пісіру уақыты (мин.)	Қолдану
Қатырылған ақсерке	300 г (2 дана)	1-қадам : 600 2-қадам : 300	3 - 3 ½ 12 ½ - 13	Алынбалы-салынбалы науасы бар тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Тостағанға 150 мл су құйып, оған науаны салыңыз. Қатырылған ақсеркелерді алып-салмалы науаға жақсылап орналастырыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Жеміс компоты	300 г	1-қадам : 900 2-қадам : 300	2 ½ - 3 2 - 2 ½	Алынбалы-салынбалы науасы бар тостаған + қақпақ
	<b>Нұсқаулар</b> Балғын жемістерді (мысалы, алма, алмұрт, қара өрік, сары өрік, манго немесе ананас) аршып, жуып, бірдей бөліктерге бөлгеннен немесе текшелеп турағаннан кейін өлшеңіз. Тостағанға 150 мл су құйып, оған науаны салыңыз. Алып-салмалы науаға картопты біркелкі таратып салыңыз. 1 - 2 ас қасық қант салыңыз. Қақпақпен жабыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			

### Таза буқазанды қолдану



### Сақтық шаралары:

#### ⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

- Буқазанның қақпағын ашқанда өте сақ болыңыз, себебі одан шығатын бу өте ыстық болуы мүмкін.
- Пісіргеннен кейін қолдану кезінде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз.

## SmartThings

### Орнату

Google Play Store, Galaxy Store немесе Apple App Store дүкендеріне кіріп, «SmartThings» деп іздеңіз. Samsung Electronics ұсынған SmartThings қолданбасын смарт құрылғыңызға жүктеп алып, орнатыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- SmartThings қолданбасының қолдау көрсетілетін бағдарламалық жасақтама нұсқасы өндіруші ұсынатын ОЖ (Операциялық жүйе) қолдау көрсету саясатына сәйкес өзгертілуі мүмкін. Сонымен қатар SmartThings қолданбасына немесе қолданба қолдау көрсететін функцияларға келетін болсақ, қолданыстағы ОЖ нұсқасындағы жаңа қолданбаны жаңарту саясаты пайдалану ыңғайлылығы немесе қауіпсіздік себептеріне байланысты тоқтатылуы мүмкін.
- SmartThings қолданбасы пайдалану ыңғайлылығын немесе өнімділікті жақсарту үшін ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Ұялы телефонның ОЖ нұсқасы жыл сайын жаңартылатындықтан, SmartThings қолданбасы да соңғы ОЖ нұсқасына сәйкес үнемі жаңартылып отырады.
- Жоғарыда аталған тармақтарға қатысты сұрақтарыңыз болса, бізге [st.service@samsung.com](mailto:st.service@samsung.com) мекенжайы бойынша хабарласыңыз
- Ұсынылатын шифрлау жүйелеріне WPA/TKIP және WPA2/AES кіреді. Кез келген жаңа немесе стандартты емес Wi-Fi аутентификация протоколдарына қолдау көрсетілмейді.
- Сымсыз желілерге қоршаған сымсыз байланыс ортасы әсер етуі мүмкін.
- Интернет провайдеріңіз сәйкестендіру үшін компьютердің немесе модемнің MAC мекенжайын тіркеген болса, құрылғыңыз интернетке қосылмауы мүмкін. Егер бұл орын алса, техникалық көмек алу үшін интернет провайдеріңізге хабарласыңыз.
- Желілік жүйенің брандмауэр параметрлері құрылғының интернетке кіруіне кедергі келтіруі мүмкін. Техникалық көмек алу үшін интернет провайдеріңізге хабарласыңыз. Бұл симптом жалғаса берсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға хабарласыңыз.
- Сымсыз кіру нүктесі (AP) параметрлерін конфигурациялау үшін AP (маршрутизатор) пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Құрылғы IEEE 802.11 b/g/n және Soft-AP протоколдары бар 2,4 ГГц Wi-Fi желісіне қолдау көрсетеді. (IEEE 802.11 n ұсынылады.)
- Рұқсат етілмеген сымсыз Wi-Fi маршрутизаторлары тиісті құрылғыға қосылмауы мүмкін.

### Samsung тіркелгісі

Қолданбаны пайдалану үшін Samsung тіркелгіңізді тіркеу қажет. Samsung тіркелгіңіз болмаса, тегін Samsung тіркелгісін жасау үшін қолданбаның экрандық нұсқауларын орындаңыз.

### Іске қосу

Қосу қажет құрылғыны (тоңазытқыш, қысқа толқынды пеш, т.б.) қосыңыз, телефоныңыздағы SmartThings қолданбасын ашып, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Жаңа құрылғы табылғанын көрсететін қалқымалы терезе пайда болса, ҚАЗІР ҚОСУ түймесін түртіңіз.

Қалқымалы терезе пайда болмаса, + түймесін түртіп, қолжетімді құрылғылар тізімінен қосу қажет құрылғыны таңдаңыз.

Құрылғыңыз қолжетімді құрылғылар тізімінде болмаса, құрылғы түрін таңдап, содан кейін арнайы құрылғы үлгісін таңдау арқылы құрылғыны қолмен қосыңыз.

Құрылғыны орнату нұсқауларын орындаңыз.

1. Samsung тіркелгіңізге кіріңіз (егер әлі кірмеген болсаңыз).
2. Құрылғыны қосыңыз.
3. Қосылымды тексеріңіз.
4. Wi-Fi желісін тауып, оған қосылыңыз.
5. Құрылғыны тіркеңіз.
6. Орнату аяқталды. Құрылғыңыз енді Менің құрылғыларым экранында карта ретінде пайда болады.

### Қысқа толқынды пешті қашықтан басқару

Қысқа толқынды пешті қашықтан басқару үшін SmartThings қолданбасындағы Қысқа толқынды пеш белгішесін таңдаңыз. Қысқа толқынды пешті басқару экраны пайда болады.

Қысқа толқынды пешті қашықтан басқару үшін Samsung Bixby, Amazon Alexa немесе Google Assistants сияқты дауысты тану көмекшілерін де пайдалануға болады.

### SmartThings қолданбасымен бақылау.

Қысқа толқынды пештің күйін тексеріңіз.

# Қысқа толқынды пешті пайдалану

SmartThings қолданбасымен қашықтан басқару.

- Пісіруді бастамас бұрын, мобильді құрылғыдан қысқа толқынды пеш параметрлерін (режим, уақыт, температура) қашықтан орнатыңыз.
- Қысқа толқынды пешті қашықтан іске қосыңыз.\*
- Қысқа толқынды пешті қашықтан өшіріңіз.
- Пісіру басталғаннан кейін, пісіру уақытын немесе температураны қашықтан орнатыңыз не өзгертіңіз.\*


Дауыспен басқару

- Дауыс арқылы қашықтан басқару үшін Vixbu қолданбасын орнатыңыз.
- Samsung Vixbu қолданбасын іске қоспас бұрын, «Hi, Vixbu» деңіз.

Автоматты түрде пісіру рецептілері

SmartThings қолданбасында Қысқа толқынды пеш белгішесін таңдаңыз. Қысқа толқынды пеш көмегімен автоматты түрде пісіру рецепттерін қарай аласыз және рецепт параметрлерін құрылғыға жібере аласыз.

## ⓘ ЕСКЕРТПЕ

\* Қысқа толқынды пештің кейбір опцияларын немесе параметрлерін қауіпсіздік себептеріне байланысты қашықтан басқару қолжетімсіз болуы мүмкін. Қашықтан іске қосу функциясын пайдалану немесе пісіру уақытын немесе температураны қашықтан өзгерту үшін қысқа толқынды пештің Ақылды басқару функциясын ҚОСУ режиміне орнатуыңыз қажет. Қысқа толқынды пешіңізде  Ақылды басқару түймесін басыңыз. Ақылды басқаруды қосу белгіше шамдары қосылады.

Ақылды басқару	ҚОСУ/ӨШІРУ			ҚОСУ	
Режимдер	Бақылау	Параметрді құрылғыға жіберу	Болдырмау	Іске қосу	Темп./уақыт өзгерту
Қысқа толқын	○	○	○	✗	✗
Гриль	○	○	○	○	○
Конвекция	○	○	○	○	○

## ⓘ ЕСКЕРТПЕ

- SmartThings қолданбасы сымсыз бөгеуілдер бар аймақтарда дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін.
- Қысқа толқынды пеш Wi-Fi қосылымы жоғалған жағдайда да жұмыс істеуді жалғастырады.
- Пісіру уақытын көрсетпесеңіз, қысқа толқынды пешті қашықтан іске қосу мүмкін болмайды.
- Vixbu қызметінің қолжетімділігі елге байланысты өзгеруі мүмкін. Vixbu таңдалған тілдерді және белгілі бір акценттер/диалекттерді анықтайды.
- Пайдаланушы интерфейсі құрылғыға байланысты өзгеруі мүмкін.
- Vixbu функцияларының және контент провайдерлерінің қолжетімділігі ел/байланыс операторы/тіл/құрылғы үлгісі/ОЖ нұсқасына байланысты өзгеруі мүмкін.
- iOS құрылғыларында, Eco режиміне өткенде немесе Home (Басты бет) түймесін басқанда Wi-Fi қосылымы жоғалуы мүмкін және сізге қайта қосылу керек болуы мүмкін.

## Ыдыстарды пайдалану нұсқаулығы

Қысқа толқынды пеште тағам пісіру үшін, қысқа толқындар пайдаланылатын ыдысқа шағылыспай немесе оған сіңбей, тағамға ене алуы керек.

Сондықтан ыдысты таңдағанда абай болу керек. Егер ыдыста «қысқа толқынды пештерге арналған» деп белгіленген болса, онда оны алаңдамай пайдалана беруге болады.

Төмендегі кестеде ыдыстардың әртүрлі түрлері және оларды қысқа толқынды пеште қалай пайдалану керектігі көрсетілген.

Ыдыстар	Қысқа толқынды пештерге арналған	Түсініктемелер
Алюминий фольга	✓ x	Тағамды езіліп кетуден қорғау үшін аз мөлшерде пайдалануға болады. Егер фольга пештің қабырғасына тым жақын орналасса немесе тым көп фольга пайдаланылса, доға пайда болуы мүмкін.
Қытырлақ қабықша жасауға арналған табақ	✓	8 минуттан артық алдын ала қыздырмаңыз.
Фарфор және фаянс	✓	Фарфор, керамика, жылтыратылған фаянс және сүйектен жасалған фарфор металл қаптамамен безендірілмесе, әдетте пеште пайдалануға болады.
Полиэфирлі картоннан жасалған бір реттік ыдыстар	✓	Кейбір мұздатылған тағамдар осы ыдыстарға оралады.
Фастфуд қаптамасы		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Полистирол стақандары мен контейнерлері</li> </ul>	✓	Жылы тағамға пайдалануға болады. Қатты ысыту полистиролды ерітіп жіберуі мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Қағаз пакеттер мен газеттер</li> </ul>	x	Өрт тудыруы мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Қайта өңделген қағаз немесе металл қаптамалар</li> </ul>	x	Доғаның пайда болуына әкелуі мүмкін.

Ыдыстар	Қысқа толқынды пештерге арналған	Түсініктемелер
Шыны ыдыс		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Пешке арналған ыдыстар</li> </ul>	✓	Металл қаптамамен безендірілмесе, пайдалануға болады.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Жұқа шыны</li> </ul>	✓	Жылы тағамдарға және сусындарға пайдалануға болады. Сынғыш шыны кенеттен қызған кезде сынуы немесе жарылуы мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Шыны құтылар</li> </ul>	✓	Қақпақты алып тастау керек. Тек жылыту үшін пайдалануға болады.
Металл		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Ыдыстар</li> </ul>	x	Доғаның пайда болуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Мұздатуға арналған пакеттер қысқыштары</li> </ul>	x	
Қағаз		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Тәрелкелер, стақандар, майлықтар және қағаз сүлгілер</li> </ul>	✓	Тез пісіру және қыздыру үшін пайдаланылады. Сондай-ақ артық ылғалды сіңіру үшін пайдалануға болады.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Қайта өңделген қағаз</li> </ul>	x	Доғаның пайда болуына әкелуі мүмкін.

## Ыдыстарды пайдалану нұсқаулығы

Ыдыстар	Қысқа толқынды пештерге арналған	Түсініктемелер
Пластик <ul style="list-style-type: none"> <li>• Контейнерлер</li> </ul>	✓	Әсіресе ыстыққа төзімді термопластик болған жағдайда. Кейбір басқа пластиктар жоғары температурада бұзылуы немесе түсі өзгеруі мүмкін. Меламинді пластикті пайдаланбаңыз.
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тамаққа арналған пленкалар</li> </ul>	✓	Ылғалды сақтау үшін пайдалануға болады. Тамаққа қол тигізбеу керек. Ыстық бу шыққандықтан пленканы алып тастағанда абай болыңыз.
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұздатқыш пакеттер</li> </ul>	✓ x	Қайнатуға немесе пеште пайдалануға болатын жағдайда ғана пайдалануға болады. Ауа өткізбейтін болмауы керек. Қажет болса, шанышқымен шаншыңыз.
Балауыз немесе май өткізбейтін қағаз	✓	Ылғалды сақтау және шашырауды болдырмау үшін пайдалануға болады.

✓ : Ұсынылады      ✓ x : Сақ болыңыз      x : Қауіпті

## Пісіру нұсқаулығы

### Қысқа толқындар

Қысқа толқынды энергия тамаққа еніп, оның құрамындағы су, май және қант арқылы тартылады және сіңеді.

Қысқа толқындар тамақтағы молекулалардың тез қозғалуына әкеледі. Бұл молекулалардың тез қозғалуы үйкеліс тудырады және нәтижесінде пайда болатын қызу тамақты пісіреді.

### Пісіру

#### Қысқа толқынды пешке арналған ыдыстар:

жоғары тиімділік үшін қысқа толқынды энергия ыдыстар арқылы өткізілуі керек. Қысқа толқындар тот баспайтын болат, алюминий және мыс сияқты металдармен шағылысады, бірақ керамикадан, шыныдан, фарфор және пластиктен, қағаз бен ағаштан өте алады.

Сондықтан металдардан жасалған контейнерлерде тамақ пісірілмеуі керек.

#### Қысқа толқынды пешке жарамды тағамдар:

тағамның көптеген түрлері қысқа толқынды пешке жарамды, соның ішінде балғын немесе мұздатылған көкөністер, жемістер, макарон өнімдері, күріш, жарма, бұршақ, балық және ет. Қысқа толқынды пеште тұздықтарды, пісірілетін кремдерді, сорпаларды, буда пісірілетін пудингтерді, консервілерді және чатнилерді де пісіруге болады. Жалпы айтқанда, әдетте қысқа толқынды пеш пеште пісірілетін кез келген тағам үшін қолайлы. Мысалы, майды немесе шоколадты ерітуге болады (кеңестер, әдістер және сыбырлар бар тарауды қараңыз).

#### Пісіру барысында жабу

Тағамды пісіру барысында жабу аса маңызды, себебі су бу түрінде көтеріліп, пісіру процесіне ықпал етеді. Тағамды әртүрлі тәсілдермен жабуға болады: мысалы, керамикалық табақ, пластикалық қақпақ немесе қысқа толқынды пешке арналған пленка.

#### Қоя тұру уақыты

Пісіргеннен кейін тағамның ішіндегі температураны теңдестіру үшін қоя тұру маңызды болып табылады.

### Мұздатылған көкөністерді пісіру бойынша нұсқаулық

Қақпағы бар сәйкес шыны Ругех тостағанын пайдаланыңыз. Қысқа мерзімде қақпағын жауып пісіріңіз – кестені қараңыз. Қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін пісіруді жалғастырыңыз.

Пісіру кезінде екі рет және пісіргеннен кейін бір рет араластырыңыз. Пісіргеннен кейін тұз, шөптер немесе май қосыңыз.

Қоя тұру уақытында қақпақпен жабыңыз.

Тағам	Порция мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Шпинат	150	600	5 - 6
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) салқын су құйыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Брокколи	300	600	8 - 9
	Нұсқаулар 30 мл (2 ас қасық) салқын су құйыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Бұршақ	300	600	7 - 8
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) салқын су құйыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Жасыл бұршақ	300	600	7 ½ - 8 ½
	Нұсқаулар 30 мл (2 ас қасық) салқын су құйыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Көкөніс ассорти (сәбіз/бұршақ/ жүгері)	300	600	7 - 8
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) салқын су құйыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Көкөніс ассорти (Қытай стилінде)	300	600	7 ½ - 8 ½
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) салқын су құйыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		

### Балғын көкөністерді пісіруге арналған нұсқаулық

Қақпағы бар сәйкес шыны Ругех тостағанын пайдаланыңыз. Судың басқа мөлшері ұсынылмаған жағдайда әр 250 г үшін 30 - 45 мл суық су қосыңыз (2 - 3 ас қасық) – кестені қараңыз. Қысқа мерзімде қақпағын жауып пісіріңіз – кестені қараңыз. Қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін пісіруді жалғастырыңыз. Пісіру кезінде бір рет, пісіргеннен кейін бір рет араластырыңыз. Пісіргеннен кейін тұз, шөптер немесе май қосыңыз. Қақпақты жауып, 3 минутқа қоя тұрыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Балғын көкөністерді біркелкі бөліктерге кесіңіз. Неғұрлым ұсақ кесілсе, соғұрлым тезірек пісіріледі.

Тағам	Порция мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Брокколи	250 500	900	4 ½ - 5 7 - 8
	Нұсқаулар Бірдей өлшемдегі гүлшоғырларды дайындаңыз. Түптерін ортаға орналастырыңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Брюссель қырыққабаты	250	900	6 - 6 ½
	Нұсқаулар 60 - 75 мл (5 - 6 ас қасық) су құйыңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Сәбіздер	250	900	5 - 5 ½
	Нұсқаулар Сәбіздерді бірдей өлшемді бөліктерге бөліп тураңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		

## Пісіру нұсқаулығы

Тағам	Порция мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Түрлі-түсті қырыққабат	250	900	5 - 5 ½
	500		7 ½ - 8 ½
	<b>Нұсқаулар</b> Бірдей өлшемдегі гүлшоғырларды дайындаңыз. Үлкен гүлшоғырларды екіге бөліңіз. Түптерін ортаға орналастырыңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Кәді	250	900	4 - 4 ½
	<b>Нұсқаулар</b> Кәдіні бөліктерге бөліңіз. 30 мл (2 ас қасық) су құйыңыз немесе аздап май қосыңыз. Сәл жұмсарғанша пісіріңіз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Баклажандар	250	900	3 ½ - 4
	<b>Нұсқаулар</b> Баклажандарды шағын бөліктерге бөліп, 1 ас қасық лимон шырынын себіңіз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Порей пиязы	250	900	4 - 4 ½
	<b>Нұсқаулар</b> Порей пиязын қалың бөліктерге бөліңіз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Саңырауқұлақтар	125	900	1 ½ - 2
	250		2 ½ - 3
	<b>Нұсқаулар</b> Шағын бүтіндей немесе бөліктерге бөлінген саңырауқұлақтар дайындаңыз. Су құймаңыз. Лимон шырынын себіңіз. Тұз бен бұрыш салыңыз. Ұсынар алдында суын төгіңіз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		

Тағам	Порция мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Пияз	250	900	5 - 5 ½
	<b>Нұсқаулар</b> Пиязды бөліктерге немесе тең екіге бөліңіз. Тек 15 мл (1 ас қасық) су құйыңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Бұрыш	250	900	4 ½ - 5
	<b>Нұсқаулар</b> Бұрышты шағын бөліктерге бөліңіз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Картоп	250	900	4 - 5
	500		7 - 8
	<b>Нұсқаулар</b> Аршылған картоптарды өлшеп, бірдей өлшемді бөліктерге немесе төртке бөліңіз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Кольраби	250	900	5 ½ - 6
	<b>Нұсқаулар</b> Кольрабиді шағын текшелерге бөліп тураңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		



### Күріш және макарон өнімдерін пісіру бойынша нұсқаулық

**Күріш:** Қақпағы бар үлкен шыны Ругех тостағанын пайдаланыңыз – күрішті пісіру кезінде көлемі екі есе артады. Қақпағын жауып пісіріңіз. Пісіру уақыты аяқталғаннан кейін қоя тұру алдында араластырыңыз және тұз қосыңыз немесе шөптер мен май қосыңыз. Ескерту: күріш пісіру уақыты аяқталғаннан кейін барлық суды сіңірмеуі мүмкін.

**Макарон өнімдері:** Қақпағы бар үлкен шыны Ругех тостағанын пайдаланыңыз.

Қайнаған су құйып, бір салым тұз қосып, жақсылап араластырыңыз. Қақпағын жаппай пісіріңіз. Пісіру кезінде және одан кейін әлсін-әлсін араластырып тұрыңыз. Қоя тұру кезінде қақпақпен жабыңыз, содан кейін суын мұқият төгіңіз.

Тағам	Порция мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Ақ күріш (бөктірілген)	250	900	15 - 16
	375		17 ½ - 18 ½
Қоңыр күріш (бөктірілген)	250	900	20 - 21
	375		22 - 23
Әртүрлі сорттағы күріш (күріш + жабайы күріш)	250	900	16 - 17
	Нұсқаулар 500 мл салқын су құйыңыз. 5 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Әртүрлі сорттағы жүгері (күріш + жарма)	250	900	17 - 18
	Нұсқаулар 400 мл салқын су құйыңыз. 5 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		

Тағам	Порция мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Макарон	250	900	10 - 11
	Нұсқаулар 1000 мл ыстық су қосыңыз. 5 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Жылдам дайындалатын кеспе	1 шағын пакет (80) 1 үлкен пакет (120)	900	7 - 7 ½ 9 - 9 ½
	Нұсқаулар Шыны Ругех тостағанын пайдаланыңыз. Кеспені тостағанға салып, бөлме температурасында 350 мл су құйыңыз. Ораммен қақпағын жауып, бірнеше рет тесу арқылы пісіріңіз. Пісіргеннен кейін, суын төгіп, жылдам дайындалатын кеспе дәмдеуіштерін араластырыңыз.		

### Жылыту

Қысқа толқынды пеш тамақты әдетте кәдімгі пештердің пісіру панельдері алатын уақыттың аз ғана бөлігі аралығында жылытады.

Келесі кестедегі қуат деңгейлері мен жылыту уақыттарын нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз. Кестедегі уақытта шамамен +18 және +20 °C аралығында бөлме температурасындағы сұйықтықтар немесе шамамен +5 және +7 °C аралығындағы температурада мұздатылған тағам қарастырылған.

### Орналастыру және жабу

Ет бөлігі сияқты көлемі үлкен тағам түрлерін жылытудан аулақ болыңыз - олар езіліп кетуге бейім келеді және ортасы ысымай тұрып кеуіп кетеді. Шағын бөліктерді қайта жылыту әлдеқайда тиімді.

### Қуат деңгейлері және араластыру

Кейбір тағам түрлерін 900 Вт қуатты пайдаланып қайта жылытуға болады, ал басқаларын 600 Вт, 450 Вт немесе тіпті 300 Вт қуатпен қайта жылыту керек.

Нұсқаулар үшін кестелерді қараңыз.

Жалпы алғанда, тағам жұқа немесе ол тым жылдам ысып кететіндей (мысалы, ет қосылған бәліш) болса, оны неғұрлым төмен қуат деңгейінде қайта жылытқан дұрыс. Жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жылыту кезінде тағамды жақсылап

## Пісіру нұсқаулығы

араластырыңыз немесе аударыстырыңыз. Мүмкін болса, дастарханға қояр алдында қайта араластырыңыз.

Сұйықтықтарды және балаларға арналған тағамдарды жылытқан кезде, ерекше абай болыңыз. Сұйықтықтардың қайнап, тасып, сондай-ақ ықтимал күйіп кетпеуі үшін жылыту алдында, кезінде және жылытқаннан кейін араластырыңыз. Оларды тоқтаған қысқа толқынды пеш ішінде ұстаңыз. Сұйықтықтарға пластик қасық немесе шыны таяқша салып қойған жөн. Тағамның қатты ысып кетуіне (және соның себебінен бұзылуына) жол бермеңіз. Қажет болса, пісіру уақытын азайтып, қосымша жылыту уақытын қосқан дұрыс.

### Жылыту және қоя тұру уақыты

Тағамды алғаш рет жылытқан кезде, кейінгі пайдалану үшін жұмыс уақытын белгілеп алған жөн.

Жылытылған тағамның әрдайым толығымен ысығанына көз жеткізіңіз.

Жылытқаннан кейін, температурасы біркелкі болғанша тағамды аз уақыт қоя тұрыңыз.

Кестеде басқа уақыт ұсынылмаса, жылытқаннан кейінгі ұсынылатын қоя тұру уақыты 2 - 4 минут.

Сұйықтықтарды және балаларға арналған тағамды жылытқан кезде, ерекше абай болыңыз. Сондай-ақ қауіпсіздік шаралары бар тарауды қараңыз.

### Сұйықтықтарды жылыту

Температурасы біркелкі болу үшін қысқа толқынды пешті өшіргеннен кейін әрдайым кем дегенде 20 секунд тұра тұруына мүмкіндік беріңіз. Жылыту кезінде араластырыңыз, егер қажет болса, жылытқаннан кейін ӘРДАЙЫМ араластырыңыз. Қайнап, тасып, сондай-ақ ықтимал күйіп кетуін болдырмау үшін сусынға қасық немесе шыны таяқша салып, жылыту алдында, кезінде және одан кейін араластыру қажет.

## Балаларға арналған тағамды жылыту

### Балаларға арналған тағам:

Шұңғыл керамикалық тәрелкеге салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз.

Жылытқаннан кейін жақсылап араластырыңыз! Дастарханға ұсынбас бұрын 2 - 3 минут қоя тұрыңыз. Қайта араластырып, температурасын тексеріңіз. Ұсынылатын дастарханға қою температурасы: 30 - 40 °C аралығында.

### Балаларға арналған сүт:

Сүтті стерильді шыны бөтелкеге құйыңыз. Беті ашық күйінде жылытыңыз. Баланы тамақтандыруға арналған бөтелкені еш уақытта емізігі кигізілген күйде жылытпаңыз, әйтпесе қатты қызып кеткен жағдайда, бөтелке сынып кетуі мүмкін. Қоя тұру уақытынан бұрын жақсылап шайқаңыз және беру алдында тағы шайқаңыз! Балаға сүтін немесе тамағын бермес бұрын әрдайым оның температурасын мұқият тексеріңіз. Ұсынылатын беру температурасы: шамамен 37 °C.

### Ескерту:

Күйіп қалуын болдырмау үшін беру алдында, әсіресе балаларға арналған тағамды мұқият тексеру қажет. Келесі кестедегі қуат деңгейлері мен уақыттарды жылыту нұсқаулары ретінде пайдаланыңыз.

### Сұйықтықтар мен тамақты жылыту

Осы кестедегі қуат деңгейлері мен уақыттарды жылыту нұсқаулары ретінде пайдаланыңыз.

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Сусындар (кофе, шай және су)	150 мл (1 шыны-аяқ) 300 мл (2 шыны-аяқ) 450 мл (3 шыны-аяқ) 600 мл (4 шыны-аяқ)	900	1 - 1 ½ 2 - 2 ½ 3 - 3 ½ 3 ½ - 4
	<p><b>Нұсқаулар</b> Шыны-аяқтарға құйып, беті ашық күйінде жылытыңыз: Ортасында 1, бір-біріне қарама-қарсы 2, шеңбер бойымен 3 шыны-аяқ. Қоя тұру кезінде қысқа толқынды пешке салыңыз және жақсылап араластырыңыз. 1 - 2 минут қоя тұрғаннан кейін, дастарханға қойыңыз.</p>		
Сорпа (салқындатылған)	250 г 350 г 450 г 550 г	900	2 ½ - 3 3 - 3 ½ 3 ½ - 4 4 ½ - 5
	<p><b>Нұсқаулар</b> Шұңғыл керамикалық тәрелкеге немесе шұңғыл керамикалық тостағанға құйыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Қайта жылытқаннан кейін, жақсылап араластырыңыз. Дастарханға қоймас бұрын, қайтадан араластырыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.</p>		
Бұқтырылған ет (салқындатылған)	350 г	600	4 ½ - 5 ½
	<p><b>Нұсқаулар</b> Бұқтырылған етті шұңғыл керамикалық тәрелкеге салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Қайта жылыту кезінде, қоя тұру және дастарханға қою алдында әлсін-әлсін араластырып тұрыңыз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.</p>		

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Тұздық қосылған макарон (салқындатылған)	350 г	600	3 ½ - 4 ½
	<p><b>Нұсқаулар</b> Макарон өнімдерін (мысалы, спагетти немесе жұмыртқа кеспесі) жалпақ керамикалық тәрелкеге салыңыз. Қысқа толқынды пешке арналған пленкамен жабыңыз. Дастарханға қоймас бұрын, араластырыңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.</p>		
Тұздық қосылған, толтырмасы бар макарон (салқындатылған)	350 г	600	4 - 5
	<p><b>Нұсқаулар</b> Толтырмасы бар макарон өнімдерін (мысалы, равиоли, тортеллини) шұңғыл керамикалық тәрелкеге салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Қайта жылыту кезінде, қоя тұру және дастарханға қою алдында әлсін-әлсін араластырып тұрыңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.</p>		
Бетіне соус жағылған тағам (салқындатылған)	350 г 450 г 550 г	600	4 ½ - 5 5 ½ - 6 ½ 6 ½ - 7 ½
	<p><b>Нұсқаулар</b> Керамикалық ыдысқа 2 - 3 салқындатылған ингредиенттен тұратын тағамды салыңыз. Қысқа толқынды пешке арналған пленкамен жабыңыз. 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.</p>		
Дастарханға қоюға дайын ірімшікті фондю (салқындатылған)	400 г	600	6 - 7
	<p><b>Нұсқаулар</b> Дастарханға қоюға дайын ірімшікті фондюді қолайлы өлшемдегі, қақпағы бар шыны Рухе тостағанына салыңыз. Қайта жылыту кезінде және одан кейін әлсін-әлсін араластырып тұрыңыз. Дастарханға қоймас бұрын, жақсылап араластырыңыз. 1 - 2 минут қоя тұрғаннан кейін, дастарханға қойыңыз.</p>		

# Пісіру нұсқаулығы

## Балаларға арналған тағам мен сүтті жылыту

Осы кестедегі қуат деңгейлері мен уақыттарды жылыту нұсқаулары ретінде пайдаланыңыз.

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт
Балалар тағамы (көкөністер + ет)	190 г	600	30 сек.
	<b>Нұсқаулар</b> Керамикалық шұңғыл тәрелкеге салыңыз. Қақпағын жауып пісіріңіз. Пісіру уақытынан кейін араластырыңыз. Дастарханға қоймас бұрын, жақсылап араластырыңыз және температурасын мұқият тексеріңіз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Балалар ботқасы (дән + сүт + жеміс)	190 г	600	20 сек.
	<b>Нұсқаулар</b> Керамикалық шұңғыл тәрелкеге салыңыз. Қақпағын жауып пісіріңіз. Пісіру уақытынан кейін араластырыңыз. Дастарханға қоймас бұрын, жақсылап араластырыңыз және температурасын мұқият тексеріңіз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		
Балалардың қоректік қоспасы:	100 мл	300	30 - 40 сек.
	200 мл		1 мин. - 1 мин. 10 сек.
	<b>Нұсқаулар</b> Жақсылап араластырыңыз немесе шайқаңыз және стерильденген шыны бөтелкеге құйыңыз. Айналмалы табақтың ортасына қойыңыз. Қақпағын жаппай пісіріңіз. Ұсынбас бұрын, жақсылап шайқаңыз және температурасын мұқият тексеріңіз. 2 - 3 минут тұрғаннан кейін әзірлеңіз.		

## Еріту

Қысқа толқынды пештер мұздатылған тағамды ерітудің ең керемет жолы. Қысқа толқынды пештер мұздатылған тағамды қысқа уақыт ішінде оңай жібітеді. Үйге аяқ астынан қонақ келіп қалса, тигізер пайдасы орасан. Мұздатылған құс етін пісіру алдында мұқият еріту керек. Жібіген кездегі сұйықтықты төгу үшін кез келген металл бекіткіші мен ораушыны алып тастаңыз. Мұздатылған тағамды қақпағы жоқ ыдысқа салыңыз. Жартылай аударып, сұйықтығын төгіңіз де, ішек-қарнын мүмкіндігінше тезірек алып тастаңыз. Жылымағанына көз жеткізу үшін арасында тағамды тексеріп тұрыңыз. Мұздатылған тағамның шағын әрі жұқа бөліктері жіби бастаса, еріту кезінде айналасына алюминий фольганың шағын қабатын орау арқылы жауып қоюға болады. Құс етінің сыртқы беті ери бастаса, ерітуді тоқтатып, жалғастырмас бұрын 20 минуттай қоя тұрыңыз. Ерітуді аяқтау үшін балықты, етті және құсты қоя тұрыңыз. Толық жібу үшін тұру уақыты жібітілетін заттың көлеміне байланысты әртүрлі болады. Төмендегі кестені қараңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Тағамның жұқа бөлігі қалың бөлігіне қарағанда тезірек жібиді және шағынырақ көлемдегі тағамның жібуіне үлкен көлемділеріне қарағанда аз уақыт кетеді. Тағамды қатыру және еріту кезінде осы кеңесті есте сақтаңыз.

Шамамен -18 және -20 °C аралығындағы температурада қатырылған тағамды еріту үшін келесі кестені нұсқау ретінде пайдаланыңыз.

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Ет			
Тартылған ет	250 г	180	6 - 7
	500 г		8 - 13
Пісірілген ветчина	250 г	180	7 - 8
	<b>Нұсқаулар</b> Етті айналмалы табаққа қойыңыз. Жіңішке шеттерін алюминий фольгамен жауып тастаңыз. Еріту уақытының жартысы өткенде аударыңыз! 15 - 30 минут қоя тұрғаннан кейін, үстелге тартыңыз.		

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Құс еті Тауық кесектері Бүтін тауық еті	500 г (2 дана)	180	14 - 15
	1200 г	180	32 - 34
<p><b>Нұсқаулар</b> Алдымен жалпақ керамикалық тәрелкеге тауық кесектерін терісін төмен қаратып, ал бүтін тауықтың төс етін төмен қаратып қойыңыз. Қанаттары және ұштары сияқты жұқа бөліктерін алюминий фольгамен жауып тастаңыз. Еріту уақытының жартысы өткенде аударыңыз! 15 - 60 минут қоя тұрғаннан кейін, үстелге тартыңыз.</p>			
Балық Балық сүбелері Бүтін балық	200 г	180	6 - 7
	400 г	180	11 - 13
<p><b>Нұсқаулар</b> Қатырылған балықты жалпақ керамикалық тәрелкенің ортасына салыңыз. Жұқа бөліктерін жуанырақ бөліктерінің астына орналастырыңыз. Сүбелердің жұқа шеттері мен бүтін балықтың құйрығын алюминий фольгамен жауып тастаңыз. Еріту уақытының жартысы өткенде аударыңыз! 10 - 25 минут қоя тұрғаннан кейін, үстелге тартыңыз.</p>			
Жемістер Жидектер	300 г	180	6 - 7
	<p><b>Нұсқаулар</b> Жемісті жалпақ, дөңгелек шыны тәрелкеге (диаметрі үлкен) жайыңыз. 5 - 10 минут қоя тұрғаннан кейін, үстелге тартыңыз.</p>		

Тағам	Порция мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Нан Тоқаштар (әрқайсысы шамамен 50 г) Тост/сэндвич Неміс наны (бидай + қара бидай ұны)	2 дана	180	1 - 1 ½
	4 дана		2 ½ - 3
	250 г	180	4 - 4 ½
	500 г	180	7 - 9
<p><b>Нұсқаулар</b> Айналмалы табақтың ортасына тоқаштарды шеңбер бойымен немесе нанды ас үй қағазының бетіне көлденеңінен орналастырыңыз. Еріту уақытының жартысы өткенде аударыңыз! 5 - 20 минут қоя тұрғаннан кейін, үстелге тартыңыз.</p>			

# Пісіру нұсқаулығы

## Гриль

Грильдi қыздыру элементi iшкi бөлiк төбесiнiң төменгi жағында орналасқан. Ол есiк жабық және айналмалы табақ айналып тұрған кезде жұмыс iстейдi. Айналмалы табақ айналған кезде, тағам бiркелкi қызарады. Грильдi 3 - 5 минут алдын ала қыздырған кезде, тағамды неғұрлым жылдам қызартады.

**Грильде қуыруға арналған ыдыс:**

Отқа төзiмдi және құрамында металл болуы керек. Пластик ыдыстың ешбiр түрiн пайдаланбаңыз, себебi ол балқиды.

**Грильде қуыруға ыңғайлы тағамдар:**

Туралған ет, шұжық, стейктер, гамбургерлер, бекон және ветчинаның жұқа тiлiмдерi, балықтың жұқа бөлiктерi, сэндвичтер мен дәмқосарлары бар қызартылған нан тiлiмiнiң барлық түрi.

**Маңызды ескерту:**

Тек гриль режимiн пайдаланған кезде, басқа нұсқау ұсынылмаса, тағамды жоғарғы торға орналастыру керек.

## Қысқа толқын + гриль

Бұл пісіру режимі грильден шығатын сәулелену жылуын қысқа толқынды пісіру жылдамдығымен біріктіреді. Ол тек есік жабық және айналмалы табақ айналып тұрған кезде жұмыс істейді. Айналмалы науаның айналғанына қарай, тағам біркелкі қызарады.

**Қысқа толқын + гриль режимінде пісіруге арналған ыдыс**

Қысқа толқындар өтетін ыдысты пайдаланыңыз. Ыдыс отқа төзімді болуы керек. Біріктіру режимі бар металл ыдысты пайдаланбаңыз. Пластик ыдыстың ешбір түрін пайдаланбаңыз, себебі ол балқиды.

**Қысқа толқын + гриль режимінде пісіруге жарамды тағамдар:**

Біріктіру режимінде пісіруге жарамды тағамдарға жылыту мен қызартуды қажет ететін барлық пісірілген тағам түрі (мыс., пісірілген макарон), сондай-ақ тағамның үстіңгі жағын қызарту үшін аз ғана уақыт кететін тағамдар жатады. Сондай-ақ бұл режимді сырты қызарып әрі қытырлақ болып пісетін (мыс., пісіру кезінде аудару қажет тауық бөлiктерi) қалың тағам бөлiктерi үшін пайдалануға болады. Қосымша мәліметтер алу үшін гриль кестесін қараңыз.

**Маңызды ескерту:**

Біріктіру режимін (қысқа толқын + гриль) пайдаланған кезде, басқа нұсқау ұсынылмаса, тағамды жоғарғы торға орналастыру керек. Келесі кестедегі нұсқауларды қараңыз.

Екі жағын да қызарту қажет болса, тағамды аудару керек.

## Балғын тағамдарға арналған гриль нұсқаулығы

Грильдi гриль функциясы көмегiмен 2 - 3 минут алдын ала жылытыңыз.

Осы кестедегi қуат деңгейлерi мен уақыттарды грильде қуыру нұсқаулары ретiнде пайдаланыңыз.

Алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз.

Тағам	Порция мөлшері	Қуат	1-қадам (мин.)	2-қадам (мин.)
Тост тiлiмдерi	4 дана (әрқайсысы 25 г)	Тек гриль	4 - 4 ½	3 - 4
	Нұсқаулар Тост тiлiмдерiн жоғарғы торға қатарынан қойыңыз.			
Грильде пісірілген қызанақтар	400 г (2 дана)	300 Вт + гриль	6 - 8	-
	Нұсқаулар Қызанақтарды екіге бөліңіз. Үстіне сәл ірімшік салыңыз. Жалпақ шыны Ругех тәрелкесінде шеңбер бойымен орналастырыңыз. Оны жоғарғы торға орналастырыңыз. 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Қызанақ және ірімшік салынған тост	4 дана (300 г)	300 Вт + гриль	5 ½ - 7 ½	-
	Нұсқаулар Алдымен нан тiлiмдерiн қызартып қуырыңыз. Тостты қоспасымен жоғарғы торға қойыңыз. 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Гавай тосты (ветчина, ананас, ірімшік тiлiмдерi)	4 дана (500 г)	300 Вт + гриль	6 - 8	-
	Нұсқаулар Алдымен нан тiлiмдерiн қызартып қуырыңыз. Тостты қоспасымен жоғарғы торға қойыңыз. 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			

Тағам	Порция мөлшері	Қуат	1-қадам (мин.)	2-қадам (мин.)
Пісірілген картоптар	500 г	600 Вт + гриль	12 - 14	-
	<b>Нұсқаулар</b> Картоптарды екіге бөліңіз. Кесілген жақтарын грильге қаратып, жоғарғы торға шеңбер бойымен орналастырыңыз.			
Гратен картоптары/ көкөністер (салқындатылған)	450 г	450 Вт + гриль	11 - 13	-
	<b>Нұсқаулар</b> Балғын гратенді кішкентай шыны Ругех тәрелкесіне қойыңыз. Тәрелкені жоғарғы торға қойыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Пісірілген алмалар	2 алма (шамамен 400 г)	300 Вт + гриль	7 - 8	-
	<b>Нұсқаулар</b> Алмалардың өзектерін алып, мейіз және джеммен толтырыңыз. Үстіне сәл бадам тілімдерін салыңыз. Жалпақ шыны Ругех тәрелкесіне алмаларды қойыңыз. Тәрелкені тура төменгі торға қойыңыз.			
Тауық кесектері	500 г (2 дана)	300 Вт + гриль	10 - 12	9 - 11
	<b>Нұсқаулар</b> Тауық кесектеріне май жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Оларды жоғарғы торға шеңбер бойымен орналастырыңыз. Гриль режимінде пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Қуырылған тауық еті	1200 г	450 Вт + гриль	22 - 23	21 - 22
	<b>Нұсқаулар</b> Тауыққа май жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Тауықты төменгі торға қойыңыз. Гриль режимінде пісіргеннен кейін 5 минутқа қоя тұрыңыз.			

Тағам	Порция мөлшері	Қуат	1-қадам (мин.)	2-қадам (мин.)
Қуырылған балық	400 - 500 гр	300 Вт + гриль	6 - 8	7 - 8
	<b>Нұсқаулар</b> Бүтін балықтың терісіне май жағып, шөптер мен дәмдеуіштер қосыңыз. Екі балықты қатарымен (басынан құйрығына дейін) жоғарғы торға қойыңыз. Гриль режимінде пісіргеннен кейін 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			
Плантайн	1 дана (200 г)	1-қадам 450 Вт + гриль 2-қадам гриль	7 - 7 ½	4 - 5
	<b>Нұсқаулар</b> Плантайнды аршып, қалыңдығы 1 см тілімдерге тураңыз және гриль торымен қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа қойыңыз. Барлық жағына май жағыңыз. Плантайн жұмсарып қалса, жұмсақ түрі үшін уақытты 1 - 2 минутқа азайтыңыз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.			
Тәтті картоп	200 г	450 Вт + гриль	11 - 11 ½	-
	<b>Нұсқаулар</b> Тәтті картопты аршып, қалыңдығы 1,5 см тілімдерге тураңыз және қытырлақ қабықша жасауға арналған табаққа қойып, барлық жағына май жағыңыз. Жоғарғы торға қойып, пісіріңіз. 1 - 2 минутқа қоя тұрыңыз.			

# Пісіру нұсқаулығы

## Конвекция

Конвекция режимімен пісіру — ыстық ауасы бар дәстүрлі пеште тағам пісірудің дәстүрлі және белгілі әдісі.

Қыздырғыш элемент және желдеткіш орны артқы бетте, солайша ыстық ауа айналады. Бұл режимге үстіңгі қыздырғыш элемент қолдау көрсетеді.

Конвекция режимімен пісіруге арналған ыдыстар:

Барлық кәдімгі пеште пайдалануға қауіпсіз ыдысты, пісіру табасын және пісіру тақтасын — әдетте дәстүрлі конвекциялық пеште қолданатын кез келген нәрсені — пайдалануға болады.

Конвекция режимімен пісіру үшін жарамды тағамдар:

Барлық бисквит, жеке тоқаштар, орамдар және торттарды, сондай-ақ құнарлы жеміс торттарын, кондитерлік өнімдерді және суфлерлерді осы режимде жасау керек.

## Қысқа толқын + конвекция

Бұл режим қысқа толқынды пештің энергиясын ыстық ауамен біріктіреді, сондықтан тағамды қоңыр және қытырлақ етіп, пісіру уақытын қысқартады.

Конвекция режимімен пісіру — артқы беттегі желдеткіш арқылы айналатын ыстық ауасы бар пеште тағамды пісірудің дәстүрлі және белгілі әдісі.

Қысқа толқындар + конвекция режимінде пісіруге арналған ыдыс:

Қысқа толқындардың өтуіне мүмкіндік беру керек. Пеште пайдалануға қауіпсіз болуы керек (шыны, керамика немесе металл қаптамасы жоқ фарфор сияқты); Қысқа толқын + гриль режимінде сипатталған ыдысқа ұқсас.

Қысқа толқын + конвекция режимінде пісіруге жарамды тағамдар:

Ет пен құс етінің барлық түрі, сондай-ақ көмештер мен гратен, бисквит және жеңіл жеміс торттары, бәліштер мен үгінділер, қуырылған көкөністер, тоқаштар мен нандар.

## Балғын және мұздатылған тағам үшін конвекция бойынша нұсқаулық

Конвекцияны автоматты қыздыру функциясымен қажетті температураға дейін алдын ала қыздырыңыз. Осы кестедегі қуат деңгейлері мен уақыттарды конвекциямен пісіруге арналған нұсқаулар ретінде пайдаланыңыз.

Алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз.

Тағам	Порция мөлшері	Қуат	1-қадам (мин.)	2-қадам (мин.)
Пицца Қатырылған пицца (пісірілген дайын тамақ)	300 - 400 г	1 -қадам 300 Вт + 200 °C 2 -қадам Түрлендіру 180° C	7 - 9	5 - 6
Макарон Қатырылған лазанья	400 г	1 -қадам 450 Вт + 200 °C 2 -қадам Түрлендіру 200 °C	16 - 18	3 - 4



Тағам	Порция мөлшері	Қуат	1-қадам (мин.)	2-қадам (мин.)
Ет Қуырылған қой еті (орташа)	1200 - 1300 г	600 Вт + 180 °С	20 - 23	10 - 13
	<b>Нұсқаулар</b> Қой етіне май жағып, бұрыш, тұз және паприка себіңіз. Оны төменгі торға, алдымен майлы жағын төмен қаратып қойыңыз. Пісіргеннен кейін алюминий фольгаға орап, 10 - 15 минут қоя тұрыңыз.			
Қуырылған тауық еті	1000 - 1100 г	1 -қадам 450 Вт + 200 °С 2 -қадам 450 Вт + гриль	20 - 22	22 - 23 ½
	<b>Нұсқаулар</b> Тауық етіне май жағып, дәмдеуіштер себіңіз. Тауық етін төменгі торға кеуде жағын алдымен төмен қаратыңыз, содан кейін жоғары қаратып салыңыз. 5 минут қоя тұрыңыз.			
Нан Жаңа піскен тоқаш	6 дана (350 г)	100 Вт + 180 °С	8 - 10	-
	<b>Нұсқаулар</b> Тоқаштарды төменгі торға айналдыра қойып шығыңыз. 2 - 3 минутқа қоя тұрыңыз.			

Тағам	Порция мөлшері	Қуат	1-қадам (мин.)	2-қадам (мин.)
Сарымсақ қосылған нан (салқындатылған, алдын ала пісірілген)	200 г (1 дана)	180 Вт + 200 °С	8 - 10	-
	<b>Нұсқаулар</b> Пергамент қағазындағы салқындатылған багетті төменгі торға салыңыз. Пісіргеннен кейін 2 - 3 минут қоя тұрыңыз.			
Торт Мәрмәр торт (жаңа иленген қамыр)	500 г	Тек 180 °С	38 - 43	-
	<b>Нұсқаулар</b> Жаңа иленген қамырды пісіруге арналған шағын төртбұрышты қара металл ыдысқа (ұзындығы 25 см) салыңыз. Тортты төменгі торға қойыңыз. Пісіргеннен кейін 5 - 10 минут қоя тұрыңыз.			
Шағын торттар (жаңа иленге қамыр)	10 x 28 г	Тек 160 °С	31 - 34	-
	<b>Нұсқаулар</b> Жаңа иленген қамырды қағаз тостақтарға біркелкі толтырып, төменгі тордағы қаңылтыр табаға салыңыз. Пісіргеннен кейін, 5 минутқа қоя тұрыңыз.			
Піспенан (жаңа иленген қамыр)	200 - 250 г	Тек 200 °С	15 - 20	-
	<b>Нұсқаулар</b> Салқындатылған піспенан қамырын төменгі тордағы пісіру қағазына салыңыз.			
Мұздатылған торт	1000 г	180 Вт + 180 °С	18 - 20	-
	<b>Нұсқаулар</b> Мұздатылған тортты тікелей төменгі торға қойыңыз. Мұзын еріту және жылытудан кейін, 15 - 20 минутқа қоя тұрыңыз.			

## Пісіру нұсқаулығы

### Кеңестер және ұсыныстар

#### Майды еріту

50 г майды кішкентай шұңғыл шыны тәрелкеге салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Май ерігенше 900 Вт қуатын пайдаланып, 30 - 40 секунд жылытыңыз.

#### Шоколадты еріту

100 г шоколадты кішкентай шұңғыл шыны тәрелкеге салыңыз. Шоколад ерігенше 450 Вт қуатын пайдаланып, 3 - 5 секунд жылытыңыз. Еріген кезде бір немесе екі рет араластырыңыз. Алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз!

#### Піскен балды еріту

20 г піскен балды кішкентай шұңғыл шыны тәрелкеге салыңыз. Бал ерігенше 300 Вт қуатын пайдаланып, 20 - 30 секунд жылытыңыз.

#### Желатинді еріту

Құрғақ желатин тілімдерін (10 г) суық суға 5 минутқа қойыңыз. Кептірілген желатинді кішкентай шыны Ругех тостағанына қойыңыз. 300 Вт қуатын пайдаланып, 1 минут жылытыңыз. Ерігеннен кейін араластырыңыз.

#### Пісіруге арналған глазурь/қант ұнтағы (торт пен бәліштер үшін)

Глазурьді (шамамен 14 г) 40 г қантпен және 250 мл суық сумен тез араластырыңыз. Шыны Ругех тостағанында 900 Вт қуатын пайдаланып, глазурь/қант ұнтағы мөлдір болғанша 3 ½–4 ½ минут қақпақпен жаппай пісіріңіз. Пісіру кезінде екі рет араластырыңыз.

#### Джем пісіру

600 г жемісті (мысалы, түрлі жидек қоспасы) қақпағы бар қолайлы өлшемді шыны Ругех тостағанына салыңыз. 300 г консервіленген қантты қосып, жақсылап араластырыңыз. 900 Вт қуатын пайдаланып, 10 - 12 минут бойы қақпағы жабық күйде пісіріңіз. Пісіру кезінде бірнеше рет араластырыңыз. Бұралатын қақпақтары бар кішкентай джем құтыларына құйыңыз. Қақпақты 5 минут ұстап тұрыңыз.

#### Пудинг пісіру

Өндірушілердің нұсқауларын орындап, пудинг ұнтағын қант және сүтпен (500 мл) араластырып, жақсылап шайқаңыз. Сәйкес өлшемді қақпағы бар шыны Ругех тостағанын пайдаланыңыз. 900 Вт қуатын пайдаланып, 6 ½–7 ½ минут бойы қақпағы жабық күйде пісіріңіз. Пісіру кезінде бірнеше рет жақсылап араластырыңыз.

#### Бадам тілімдерін қызартып пісіру

Орташа өлшемді керамикалық тәрелкеге 30 г туралған бадамды біркелкі жайыңыз. 600 Вт қуатын пайдаланып, 3 ½–4 ½ минут бойы қызартып пісіру кезінде бірнеше рет араластырыңыз. Оны қысқа толқынды пеште 2-3 минутқа қалдырыңыз. Алған кезде, пешке арналған қолғапты пайдаланыңыз!

## Ақауларды жою және ақпараттық код

### Ақаулық себептерін анықтау

Төмендегі ақаулықтардың бірі орын алса, көрсетілген шешімдерді қолданып түзетіп көріңіз.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
<b>Жалпылама ақпарат</b>		
Түймелер дұрыс басылмайды.	Түймелердің арасына бөгде заттар қыстырылып қалуы мүмкін.	Бөгде затты алып, қайталаңыз.
	Тач үлгілері үшін: Сыртқы бетіне ылғал тұрған.	Сыртқы бетіндегі ылғалды сүртіңіз.
	Бала қауіпсіздігінің құралы қосұлы.	Бала қауіпсіздігінің құралын сөндіріңіз.
Уақыт көрсетілмейді.	Эко (қуат үнемдеу) функциясы орнатылған.	Эко функциясын сөндіріңіз.
Микротолқынды пеш жұмыс істемей тұр.	Тоқ қосылмаған.	Тоқтың қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
	Есік ашық тұр.	Есікті жауып, қайта қосыңыз.
	Есіктің қауіпсіздік механизмдеріне бөгде зат тұрып қалуы мүмкін.	Бөгде затты алып, қайталаңыз.
Микротолқынды пеш жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады.	Пайдаланушы тағамды аудару үшін есікті ашқан.	Тағамды аударғаннан кейін жұмысты бастау үшін <b>Старт/+30сек (Бастау/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз.
Жұмыс істеп тұрған кезде тоқ сөніп қалады.	Микротолқынды пеш ұзақ уақыт бойы тағам пісіріп тұрған.	Ұзақ уақыт тағам пісіргеннен кейін микротолқынды пешті салқындатыңыз.
	Желдеткіш жұмыс істемей тұр.	Желдеткіштің шуылын естіңіз.
	Тағам салмай микротолқынды пешті қолдануға әрекет еттіңіз.	Тағамды микротолқынды пешке салыңыз.
	Микротолқынды пештің ішінде ауа айналатын жеткілікті орын жоқ.	Микротолқынды пештің алдыңғы және артқы жағында желдетуге арналған ауа кіретін/шығатын саңылаулар бар. Құрылымын орнату нұсқаулығында көрсетілген орындарды сақтаңыз.
Бір розеткаға бірнеше аша қосылған.	Бір розетканы микротолқынды пешке арнаңыз.	

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Жұмыс жасап тұрғанда тырс-тырс еткен дыбыс естіледі, содан кейін микротолқынды пеш жұмыс істемейді.	Тұмшаланған тағам пісіргенде немесе қақпағы бар сауытты пайдаланғанда тырс-тырс еткен дыбыс шығуы мүмкін.	Тұмшаланған сауыттарды пайдаланбаңыз, себебі ішіндегілер үлкейіп пісіру барысында жарылып кетуі мүмкін.
Микротолқынды пештің сырты жұмыс кезінде өте ыстық.	Микротолқынды пештің ішінде ауа айналатын жеткілікті орын жоқ.	Микротолқынды пештің алдыңғы және артқы жағында желдетуге арналған ауа кіретін/шығатын саңылаулар бар. Құрылғыны орнату нұсқаулығында көрсетілген орындарды сақтаңыз.
	Микротолқынды пештің үстінде заттар бар.	Микротолқынды пештің үстіндегі заттарды алыңыз.
Есік дұрыс ашылмайды.	Есік пен микротолқынды пештің ішіне тағам қалдығы қыстырылып қалған.	Микротолқынды пешті тазалап, содан кейін есігін ашыңыз.
Қыздыру, соның ішінде Жылы ұстау функциясы дұрыс жұмыс істемейді.	Микротолқынды пеш жұмыс істемеуі мүмкін, себебі өте көп тағам пісірілуде немесе жарамсыз ыдыс қолданылған.	Микротолқынға төзімді ыдысқа бір кесе су құйып, судың қызатын-қызбайтынын тексеру үшін микротолқынды пешті 1-2 минут қосыңыз. Тағамның мөлшерін азайтып, функцияны қайта бастаңыз. Табаны жалпақ сауытты пайдаланыңыз.
Жібіту функциясы жұмыс істемей тұр.	Өте көп тағам пісірілген.	Тағамның мөлшерін азайтып, функцияны қайта бастаңыз.
Ішкі жарықтама шам күңгірт болып тұр, бірақ жанбайды.	Есік ұзақ уақыт ашық қалған.	Эко функциясы қосылғанда ішкі шам автоматты түрде сөнуге мүмкін. Есікті жауып қайта ашыңыз немесе <b>Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)</b> түймесін басыңыз.
	Ішкі шамды басқа зат жауып қалған.	Микротолқынды пештің ішін тазалап, қайта тексеріңіз.
Тағам пісіру барысында сигнал естіледі.	Егер Автоматты түрде пісіру функциясы қолданылса, сигнал жібіту кезінде тағамды аударатын уақыт келгенін ескертеді.	Тағамды аударғаннан кейін жұмысты қайта бастау үшін <b>Старт/+30сек (Бастау/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Микротолқынды пеш дұрыс деңгейленген жоқ.	Микротолқынды пеш тегіс жерге орнатылмаған.	Тегіс, орнықты жерге микротолқынды пештің орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Пісіру барысында жарқыл пайда болады.	Микротолқынды пеш/жібіту функциялары кезінде темір сауыттар пайдаланылған.	Темір сауыттарды қолданбаңыз.
Тоқ қосылған кезде микротолқынды пеш дереу жұмыс істей бастайды.	Есік дұрыс жабылмаған.	Есікті жауып, қайта тексеріңіз.
Микротолқынды пештен тоқ соғады.	Қуат немесе қуат розеткасы жерге дұрыс қосылмаған.	Қуат немесе қуат розеткасының жерге дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
1. Су тамшылайды. 2. Есіктің саңылауынан бу шығады. 3. Микротолқынды пеште су қалады.	Кей жағдайда тағам түріне қарай су немесе бу пайда болуы мүмкін. Бұл микротолқынды пештің ақауы емес.	Микротолқынды пешті салқындатып, содан кейін құрғақ сүлгімен сүртіңіз.
Микротолқынды пештің ішінің жарығы әр түрлі.	Функция түріне қарай, қуат шығысының өзгеруіне байланысты жарықтылық өзгереді.	Тағам пісіру барысында қуат шығысы өзгерсе ақаулық болып табылмайды. Бұл микротолқынды пештің ақауы емес.
Тағам пісіру аяқталды, бірақ желдеткіш әлі жұмыс істеп тұр.	Микротолқынды пешті желдету үшін тағам пісіріп болғаннан кейін желдеткіш шамамен 3 минут жұмыс істеп тұрады.	Бұл микротолқынды пештің ақауы емес.
<b>Бұрылмалы табақ</b>		
Бұрылмалы табақ айналып тұрғанда орнынан шығып кетеді немесе айналмай тоқтап қалады.	Айналмалы шығырық жоқ немесе айналмалы шығырық орнына дұрыс салынбаған.	Айналмалы шығырықты салып, қайта көріңіз.
Бұрылмалы табақ сүйретіліп айналады.	Айналмалы шығырық орнына дұрыс салынбаған, тым көп тағам салынған немесе сауыт өте үлкен және микротолқынды пештің ішкі жағына тиеді.	Тағамның мөлшерін реттеңіз және өте үлкен сауыттарды пайдаланбаңыз.

## Ақауларды жою және ақпараттық код

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Бұрылмалы табақ айналғанда тарсылдайды және шуыл шығарады.	Тағам қалдығы микротолқынды пештің табанына тұрып қалған.	Микротолқынды пештің табанына жабысқан тағам қалдығын алыңыз.
<b>Гриль</b>		
Жұмыс кезінде түтін шығады.	Алғаш рет микротолқынды пешті пайдаланған кезде қыздырғыш элементтерден түтін шығуы мүмкін.	Бұл ақау емес, егер микротолқынды пешті 2 - 3 рет іске қоссаңыз тоқтап қалуға тиіс.
	Қыздырғыш элементтерге тағам тұрып қалған.	Микротолқынды пешті суытып, қыздырғыш элементтердегі тағамды алыңыз.
	Тағам грильге өте жақын тұр.	Тағам пісіріп жатқанда қажетінше алыс қойыңыз.
	Тағам дұрыс дайындалмаған және/немесе қойылмаған.	Тағамның дұрыс дайындалғанына және қойылғанына көз жеткізіңіз.
<b>Микротолқынды пеш</b>		
Микротолқынды пеш қызбайды.	Есік ашық тұр.	Есікті жауып, қайта қосыңыз.
Қыздырған кезде түтін шығады.	Алғаш рет микротолқынды пешті пайдаланған кезде қыздырғыш элементтерден түтін шығуы мүмкін.	Бұл ақау емес, егер микротолқынды пешті 2 - 3 рет іске қоссаңыз тоқтап қалуға тиіс.
	Қыздырғыш элементтерге тағам тұрып қалған.	Микротолқынды пешті суытып, қыздырғыш элементтердегі тағамды алыңыз.
Микротолқынды пешті пайдаланған кезде күйген иіс немесе пластиктің иісі шығады.	Пластик немесе қызуға төзімсіз ыдыс қолданылған.	Ыстық температураларға жарамды шыны ыдыстарды пайдаланыңыз.
Микротолқынды пештің ішінен жағымсыз иіс шығады.	Тағам қалдығы немесе пластик еріген және пештің ішіне жабысқан.	Бу функциясын пайдаланып, содан кейін құрғақ шүберекпен тазалаңыз. Иісті тезірек кетіру үшін микротолқынды пештің ішіне лимон тілімін салып, іске қосыңыз.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Микротолқынды пеш дұрыс пісірмейді.	Тағам пісіру барысында микротолқынды пештің есігі жиі ашылған.	Егер есікті жиі ашсаңыз, ішкі температура төмендеуі және бұл тағам пісіру нәтижесіне әсер етуі мүмкін.
	Микротолқынды пештің басқару құралдары дұрыс орнатылмаған.	Микротолқынды пештің басқару құралдарын дұрыс орнатып, қайта бастаңыз.
	Гриль немесе басқа керек-жарақтары дұрыс салынбаған.	Керек-жарақтарды дұрыс салыңыз.
	Түрі және өлшемі сай келмейтін ыдыс қолданылған.	Табаны жалпақ, жарамды ыдысты пайдаланыңыз.
<b>Булау</b>		
Буға пісірген кезде судың қайнап жатқанын естимін.	Су бу қыздырғыштың көмегімен қызады.	Бұл қысқа толқынды пештің ақауы емес.
Бумен пісіруді тоқтатқанда әдеттен тыс дыбыс шығады.	Бумен пісіру аяқталған соң бу қыздырғышының ішінен су шығарылады.	Бұл қысқа толқынды пештің ақауы емес.
<b>Булау</b>		
Буға пісірген кезде судың қайнап жатқанын естимін.	Су бу қыздырғыштың көмегімен қызады.	Бұл қысқа толқынды пештің ақауы емес.
Бумен пісіруді тоқтатқанда әдеттен тыс дыбыс шығады.	Бумен пісіру аяқталған соң бу қыздырғышының ішінен су шығарылады.	Бұл қысқа толқынды пештің ақауы емес.

## SmartThings қолданбасы

Мәселе	Әрекет
Қолданбалар дүкенінде «SmartThings» қолданбасы болған жоқ.	SmartThings қолданбасының қолдау көрсетілетін бағдарламалық жасақтама нұсқасы өндіруші ұсынатын ОЖ (Операциялық жүйе) қолдау көрсету саясатына сәйкес өзгертілуі мүмкін. Сонымен қатар SmartThings қолданбасына немесе қолданба қолдау көрсететін функцияларға келетін болсақ, қолданыстағы ОЖ нұсқасындағы жаңа қолданбаны жаңарту саясаты пайдалану ыңғайлылығы немесе қауіпсіздік себептеріне байланысты тоқтатылуы мүмкін.
SmartThings қолданбасы жұмыс істемейді.	SmartThings қолданбасы тек қолданылатын үлгілер үшін қолжетімді.
SmartThings қолданбасы орнатылған, бірақ қысқа толқынды пешіме қосылмаған.	Қолданбаны пайдалану үшін Samsung тіркелгіңізбен жүйеге кіруіңіз керек. Маршрутизатордың қалыпты жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Қолданба орнатылғаннан кейін қысқа толқынды пешті SmartThings қолданбасына қоспаған болсаңыз, қолданбаның құрылғыны тіркеу функциясы арқылы қосуыңыз керек.
Қолданбаға кіру мүмкін болмады.	Қолданбаны пайдалану үшін Samsung тіркелгіңізбен жүйеге кіруіңіз керек. Samsung тіркелгіңіз болмаса, тіркелгіні жасау үшін қолданбаның экрандық нұсқауларын орындаңыз.
Қысқа толқынды пешімді тіркеуге әрекет еткенде қате туралы хабар пайда болады.	Оңай байланыс орнату кіру нүктесіне (AP) дейінгі қашықтыққа немесе қоршаған ортадан келетін электр кедергілеріне байланысты сәтсіз болуы мүмкін. Сәл күтіңіз және әрекетті қайталаңыз.
SmartThings қолданбасы қысқа толқынды пешіме сәтті қосылды, бірақ жұмыс істемейді.	SmartThings қолданбасынан шығып, қайта қосыңыз немесе маршрутизаторды ажыратып, қайта қосыңыз. Қысқа толқынды пешке жеткізілетін негізгі қуат көзін негізгі қосқышта өшіріңіз немесе ашаны (орнатылған болса) 60 секундқа шығарып, әрекетті қайталамас бұрын, қайта қосыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Жоғарыдағы нұсқаулар мәселені шешуге көмектеспесе, жергілікті SAMSUNG тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Келесі ақпаратты оқып шығуыңыз;

- Қысқа толқынды пештің артында әдетте басып шығарылатын үлгі және сериялық нөмірлері
- Кепілдік туралы мәліметтер
- Мәселенің нақты сипаттамасы

Содан кейін жергілікті дилерге немесе SAMSUNG сатудан кейінгі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Ақпараттық кодтар

Код	Сипаттамасы	Әрекет
C-20	Температура датчигін тексеру қажет.	<p><b>Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)</b> түймесін басып, қайта пайдаланыңыз. Егер ол қайта орын алса, қысқа толқынды пешті 30 секундтан артық уақытқа өшіріп, қайта орнатып көріңіз.</p> <p>Қайта пайда болса, жергілікті SAMSUNG тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.</p>
C-F1	Тек EEPROM оқу немесе жазу функциясы жұмыс істемеген кезде орын алады.	
C-21	Температура датчигі берілген температурадан асатын температураны анықтайды.	<p>Қысқа толқынды пешті, өнімді салқындату үшін өшіріп, қайта баптап көріңіз.</p> <p>Қайта пайда болса, жергілікті SAMSUNG тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.</p>

## Ақауларды жою және ақпараттық код

Код	Сипаттамасы	Әрекет
C-F2	Сенсорлық түйме ақаулы.	Қайта көру үшін <b>Стоп/Эко (Іске қосу/+30с)</b> түймесін басыңыз.
C-d0		Кілттерді тазалаңыз және кілттің айналасында судың бар-жоғын тексеріңіз. Егер ол қайта орын алса, қысқа толқынды пешті 30 секундтан артық уақытқа өшіріп, қайта орнатып көріңіз. Қайта пайда болса, жергілікті SAMSUNG тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Кез келген жоғарыда көрсетілмеген кодтар үшін немесе ұсынылған шешім мәселені шешпесе, жергілікті SAMSUNG тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Техникалық сипаттамалар

SAMSUNG компаниясы әрқашан өз өнімдерін үздіксіз жақсартып отыруды көздейді. Сондықтан дизайн сипаттамалары мен осы пайдаланушы нұсқаулықтары еш ескертусіз өзгертіледі.

Үлгі	MC32D*7736K*** / MC32D*7746K*** / MC32D*7636K*** / MC32D*7646K***
Қуат көзі	230 В - 50 Гц АТ
Қуат тұтыну Максималды қуат Қысқа толқынды пеш Гриль (қыздырғыш элемент) Конвекция (қыздырғыш элемент)	2900 Вт 1400 Вт 1500 Вт Макс. 2100 Вт
Шығыс қуаты	100 Вт / 900 Вт - 7 деңгей (IEC-705)
Жұмыс жиілігі	2450 МГц
Өлшемдері (Е x Б x Т) Сыртқы Пештің ішкі бөлігі	523 x 330 x 515 мм 373 x 233 x 363 мм
Көлемі	32 литр
Салмақ Таза	Шамамен 20,4 кг.



## Қосымша

### Ашық бастапқы коды бар хабарландыру

Бұл өнімге кіретін бағдарламалық жасақтама ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтаманы қамтиды.

Келесі URL [http://opensource.samsung.com/opensource/SMART\\_TP1\\_0/seq/0](http://opensource.samsung.com/opensource/SMART_TP1_0/seq/0) осы өнімге қатысты ашық бастапқы лицензия ақпаратына әкеледі.



	Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
	Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

Қалыпты жағдайда қолдануға арналған Қолдану мерзімі: 7 жыл



**Өндіруші:** Samsung Electronics Co., Ltd / Самсунг Электроникс Ко., Лтд

**Өндірушінің мекенжайы:** (Маеган-донг) 129, Самсунг-ро, Йонгтонг-гу, Сувон-си, Гйонгги-до, Корея, 16677

**Зауыттың мекенжайы:** ЛОТ 2, ЛЕБУХ 2, НОРС КЛАНГ СТРЕЙТС, ЭРИА 21, ИНДАСТРИАЛ ПАРК, 42000 ПОРТ КЛАНГ, СЕЛАНГОР ДАРУЛ ЭСАН, МАЛАЙЗИЯ

**Өнімнің өндірілген жердің атауы:** Малайзия

Импорттаушы және Қазақстан Республикасының аймағында пайдаланушылардың кінәрат-талаптарын қабылдайтын мекеме: «Samsung Electronics Central Eurasia» (Самсунг Электроникс Центральная Евразия) ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Желтоқсан көшесі, 115, 3-қабат

Импортер и организация, принимающая претензии на территории Республики Казахстан: ТОО «Samsung Electronics Central Eurasia» (Самсунг Электроникс Центральная Евразия) Республика Казахстан, город Алматы, 050000, улица Желтоқсан, 115, 3 этаж

Samsung кепілдігі өнімнің жұмысын түсіндіру, дұрыс орнатылмауын түзету немесе қалыпты тазалау немесе техникалық қызмет көрсету үшін қызмет көрсету қоңырауларын ҚАМТЫМАЙТЫНЫН ескеріңіз.

СҰРАҚТАР НЕМЕСЕ ПІКІРЛЕР БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ БІЗДІ ОНЛАЙН ТАБЫҢЫЗ
RUSSIA	8-800-555-55-55	<a href="http://www.samsung.com/ru/support">www.samsung.com/ru/support</a>
BELARUS	810-800-500-55-500	<a href="http://www.samsung.com/ru/support">www.samsung.com/ru/support</a>
GEORGIA	0-800-555-555	<a href="http://www.samsung.com/ge/support">www.samsung.com/ge/support</a>
ARMENIA	0-800-05-555	<a href="http://www.samsung.com/ru/support">www.samsung.com/ru/support</a>
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	<a href="http://www.samsung.com/az/support">www.samsung.com/az/support</a>
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799, 0799 (Uztelecom))	<a href="http://www.samsung.com/uz_ru/support">www.samsung.com/uz_ru/support</a>
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7779)	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>
MONGOLIA	1800-25-55	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>

